

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

ПМУ ХАБАРШЫСЫ

Гуманитарлық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ПГУ

Гуманитарная серия
Издается с 1997 года

№ 3 (2015)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

Гуманитарная серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет средства массовой информации

№ 14209-Ж

выдано

Министерством культуры, информации и общественного согласия
Республики Казахстан

Бас редакторы – главный редактор

Орсариев А. А.

доктор PhD

Заместитель главного редактора

Бегимтаев А. И. *к.полит.н., доцент*

Ответственный секретарь

Калиев И. А., *к.полит.н., доцент*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Акишев А. А.,	<i>д.полит.н., профессор;</i>
Арын Р. С.,	<i>д.пол.н., профессор;</i>
Абсаттаров Р. Б.,	<i>д.филос.н., профессор;</i>
Ахмеджанова Г. Б.,	<i>д.ю.н., профессор;</i>
Борбасов С. М.,	<i>д.пол.н., профессор;</i>
Батырбаева Ш. Д.,	<i>д.и.н., профессор (Кыргызстан);</i>
Ветренко И. А.,	<i>д.пол.н., профессор (Россия);</i>
Джунусов А. М.,	<i>д.пол.н., профессор;</i>
Жиренчин К. А.,	<i>д.ю.н., профессор;</i>
Иватова Л. М.,	<i>д.пол.н., профессор;</i>
Косанов Ж. К.,	<i>д.ю.н., профессор;</i>
Кошенова Р. Н.,	<i>д.филос.н., доцент;</i>
Нурымбетова Г. Р.,	<i>д.пол.н., профессор;</i>
Романова Н. В.,	<i>д.и.н., профессор;</i>
Сабит М. С.,	<i>д.филос.н., профессор;</i>
Билялова Г. К.,	<i>д.филос.н., профессор;</i>
Кузембаев Н. Е.,	<i>к.и.н., доцент;</i>
Нургожина Б. В.	<i>(тех. редактор).</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна

МАЗМҰНЫ

«ФИЛОСОФИЯ» СЕКЦИЯСЫ

Сәрсенбаева Б. Ф., Сүтжанов С. Н.

Рухани ағартушылықтағы ислам әлемі 12

Тамабаева Қ. Ө., Мырзабеков Ж. Е.Түркілік өркениеттегі тектілік, кісілік, тұлға ұғымдары және
М. Дулати тұжырымдары 19

«ТАРИХ» СЕКЦИЯСЫ

Тохметова Г. М.

1885-1905 жж. жұмысшылар қозғалысының дамуы жайлы 26

«МӘДЕНИЕТТАНУ» СЕКЦИЯСЫ

Ермаханова Э. С., Карымсаков А. Ж.Қазақстанның замануи мәдениетіндегі Қожа Ахмет Ясауи
кесенесі монументалды өнерінің релі мен маңыздылығы 32
Илиев Н. Ж.

Византиялық хроникадағы печенег эпосы 38

«ӘЛЕУМЕТТАНУ» СЕКЦИЯСЫ

Андиржанова Г. А., Сартова Р. Б.Қазақстан Республикасының индустриалды–инновациялық
дамуы саласындағы инновациялық ортаны
қалыптастырудың әлеуметтік аспектісі 53**Бейсенова А.**Қазақстандағы кәсіпкерлердің әлеуметтік
жауапкершілігінің қалыптасуы 60**Валитова З. Х., Есимова А. Б.**

Аумақ имиджін зерттеудің шетелдік тәжірибесі 66

Есілов А. Б.

Медиация әлеуметтік жұмыста алдын–ала әсер ету түрлері ретінде . 71

Есимова А. Б., Валитова З. Х., Байғараева А. Е.

Аймақ имиджі: визуалді ақпараттың релі 78

Жанат М. Қазақстанның өңірлеріндегі мәдениет–өнер–демалыс деңгейлерінің талдауы	83
Жанат М. Өңірлердегі салауаттылық деңгейінің талдауы	88
Комаров О. Е., Трубецкая К. И. Оқу үрдісінің негізгі субъектілерінің бағасында жоғарғы оқу білімінің сапасы: социологиялық талдау	94
Маканов Ж. К., Ткаченко А. А. Жаңа буынның патриоттық ұқсастығын қалыптастырудың дихотомиясы (әлеуметтік аспект)	104
Комаров О. Е. Қазақстандағы азаматтық қоғамның біріктірілуі патриотизмнің идеологиялық негізі ретінде: социологиялық көрініс.....	114

«САЯСАТТАНУ» СЕКЦИЯСЫ

Құрманова А. А. Саяси жүйенің қазақстандық моделі – елдегі тұрақты қоғамдық-саяси ахуалдың жаңа формуласы	121
Кадралиева Н. А., Мусаева А. Я. Саяси мәнмәтіндегі саяси жүйені трансформациялау және модернизациялау үдерісі	129
Қадралиева Н. А., Мусаева А. Я., Кадралиев Е. А. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ереже түзу ісінің қалыптасуы	137
Құрманбаева Д. П., Қадралиева Н. А., Муслимова С. М. Ассамблея – татулық темірқазығы	144
Мамедова П. И. Жамбыл облысының полиэтникалық ортасындағы мәдениет тәрбиесіндегі төзімділік тәртібі	150
Тереник О. Д. Жергілікті өзін-өзі басқару және мемлекеттік билік органдарының өзара әрекеттесі формаларының теоретикалық аспектісі	158

«ҚҰҚЫҚ» СЕКЦИЯСЫ

Ахмеджанова Г. Б., Григорьева Р. В., Олжабаев Б. Х. Салыстырмалы құқықтану даму тарихынан.....	168
Григорьева Р. В., Нургазинов Б. К., Бастемиев С. К. Еуропалық құқық және салыстырмалы құқықтану	176

Кадыркулов А. Ж. Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығын алдын алуға байланысты құқықтық нормаларды жетілдіру мәселелері	185
Мусаева А. Я., Кадралиева Н. А., Қонысова А. А. Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар	190
Мусаева А. Я., Кадралиева Н. А., Қонысова А. А. Медиация тәсілі сот ісіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің бірден-бір жолы	194
Тусупова Г. Б., Молдакимова А. С. Социализм құруда тұтқындалғандардың үлесі	201
Авторларға арналған ережелер.....	207

СОДЕРЖАНИЕ

СЕКЦИЯ «ФИЛОСОФИЯ»

Сәрсенбаева Б. Г., Сутжанов С. Н. Роль ислама в духовном просвещении.....	12
Тамабаева К. О., Мырзабеков Ж. Е. Понятие знатность, человечность, личность в тюркской цивилизации и концепции М. Дулати	19

СЕКЦИЯ «ИСТОРИЯ»

Тохметова Г. М. К вопросу о развитии рабочего движения в 1885-1905 гг.	26
---	----

СЕКЦИЯ «КУЛЬТУРОЛОГИЯ»

Ермаханова Э. С., Карымсаков А. Ж. Роль и значение монументального искусства мавзолея Ходжи Ахмета Ясави в современной культуре Казахстана	32
Илиев Н. Ж. Печенежский эпос в византийской хронике.....	38

СЕКЦИЯ «СОЦИОЛОГИЯ»

Андиржанова Г. А., Сартова Р. Б. Социологический аспект формирования инновационной среды в контексте индустриально-инновационного развития Республики Казахстан.....	53
Бейсенова А. Формирование социальной ответственности бизнеса в Казахстане..	60
Валитова З. Х., Есимова А. Б. Зарубежный опыт исследовательских практик имиджа территорий ..	66
Есилев А. Б. Медиация как один из видов превентивного воздействия в социальной работе.....	71
Есимова А. Б., Валитова З. Х., Байгараева А. Е. Имидж региона: роль визуальной информации	78

Жанат М. Анализ уровня «культура-искусство-отдых» в регионах.....	83
Жанат М. Анализ уровня здорового образа жизни в регионах	88
Комаров О. Е., Трубецкая К. И. Качество высшего образования в оценках основных субъектов образовательного процесса: социологический анализ.....	94
Маканов Ж. К., Ткаченко А. А. Дихотомии формирования патриотической идентичности новых поколений (социологический аспект).....	104
Комаров О. Е. Патриотизм как идеологическая основа консолидации гражданского общества в Казахстане: социологический аспект	114

СЕКЦИЯ «ПОЛИТОЛОГИЯ»

Курманова А. А. Казахстанская модель политической системы - новая формула стабильной общественно-политической ситуации в стране	121
Кадралиева Н. А., Мусаева А. Я. Политическая глобализация в контексте процессов модернизации и трансформации политической системы	129
Кадралиева Н. А., Мусаева А. Я., Кадралиев Е. А. Формирование составления правил в традиционном казахском обществе	137
Курманбаева Д. П., Кадралиева Н. А., Муслимова С. М. Ассамблея-фундамент дружбы и согласия	144
Мамедова П. И. Воспитание культуры толерантного поведения в полиэтничной среде в Жамбылской области	150
Тереник О. Д. Теоретический аспект форм взаимодействия органов государственной власти и местного самоуправления.....	158

СЕКЦИЯ «ПРАВО»

Ахмеджанова Г. Б., Григорьева Р. В., Олжабаев Б. Х. Из истории развития сравнительного правоведения	168
Григорьева Р. В., Нургазинов Б. К., Бастемиев С. К. Европейское право и сравнительное правоведение.....	176

Кадыркулов А. Ж.

Вопросы совершенствования правовых норм предупреждения
преступности среди несовершеннолетних в Республике Казахстан 185

Мусаева А. Я., Кадралиева Н. А., Қонысова А. А.

Преступления против несовершеннолетних 190

Мусаева А. Я., Кадралиева Н. А., Қонысова А. А.

Медиация способ обеспечивающий чистоту и справедливое
решение в судебных делах 194

Тусупова Г. Б., Молдакимова А. С.

Вклад заключенных в строительстве социализма 201

Правила для авторов 207

CONTENT

SECTION «PHILOSOPHY»

Sarsenbaeva B. C., Sutzhanov S. N.

World of islam in spiritual enlightenment 12

Tamabayeva K. O., Myrzabekov Zh. E.

The notions of nobility, humanity and personality
in the Turkic civilization and the concept of M. Dulati 19

SECTION «HISTORY»

Tohmetova G. M.

On the development of the labour movement in 1885-1905 26

SECTION «CULTUROLOGY»

Yermahanova E., Karymsakov A.

The role and importance of the monumental art of the Khoja Ahmet
Yasawi mausoleum in the modern culture of Kazakhstan 32

Iliev N. Zh.

Pecheneg epos in the Byzantine chronicles 38

SECTION «SOCIOLOGY»

Andirzhanova G. A., Sartova R. B.

Sociological aspect of formation of the innovative
environment in the context of industrial and innovative
development of the Republic of Kazakhstan 53

Beissenova A.

Formation of social responsibility of business in Kazakhstan 60

Valitova Z. Kh., Yessimova A. B.

Foreign experience of research practices of the territory image 66

Yessilov A. B.

Mediation as a kind of pre-emptive effects in social work 71

Yessimova A. B., Valitova Z. Kh., Baigarayeva A. Y.

Image of region: the role of visual information 78

Zhanat M.

The analysis of level «culture-art-rest» in regions 83

Zhanat M.	
The analysis of level of a healthy lifestyle in regions.....	88
Komarov O. E., Trubetskaya K. I.	
The quality of higher education in the estimates of the main subjects of the educational process: sociological analysis.....	94
Makanov Zh. K., Tkachenko A. A.	
Dichotomy of formation of patriotic identity in new generations	104
Komarov O. E.	
Patriotism as the ideological basis of consolidation of civil society in Kazakhstan: sociological aspect.....	114

SECTION «POLITOLOGY»

Kurmanova A. A.	
Kazakhstan model of political system – new formula of stable social–political situation in the country	121
Kadrallyeva N. A., Musaeva A. Ya.	
Political globalization in the context of modernization and transformation of political system	129
Kadrallyeva N. A., Musaeva A. Ya., Kadrallyev E. A.	
Legislating in a traditional Kazakh society.....	137
Kurmanbayeva D. P., Kadrallyeva N. A., Musaeva A. Ya.	
The Assembly – the foundation of friendship and harmony	144
Mamedova P. I.	
Developing a culture of tolerant behavior in a multi-ethnic environment in Zhambyl region	150
Terenik O. D.	
The theoretical aspect of the forms of interaction between public authorities and local self-government	158

SECTION «LAW»

Akhmedzhanova G. B., Grigorieva R. V., Olzhabaev B. H.	
From the history of comparative jurisprudence	168
Grigorieva R. V., Nurgazinov B. K., Bastemiev S. K.	
European law and comparative jurisprudence	176
Kadyrkulov A. Zh.	
The issues of improving the legal regulations for preventing juvenile delinquency in the Republic of Kazakhstan	185
Musaeva A. Ya., Kadrallyeva N. A., Konysova A. A.	
Crimes against minors.....	190

Musaeva A. Ya., Kadrallyeva N. A., Konysova A. A.	
Mediation—a way of providing a clean and fair solution in court cases.....	194
Tussupova G. B., Moldakimova A. S.	
The contribution of prisoners in the building of socialism	201
Rules for authors	207

ӘОЖ 378.02.6.

Б. Ф. Сәрсенбаева¹, С. Н. Сүтжанов²

¹п.ғ.к., профессор; ²ф.ғ.д., профессор, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.

РУХАНИ АҒАРТУШЫЛЫҚТАҒЫ ИСЛАМ ӘЛЕМІ

Мақалада суфизм тарихына барлау жасалып, діни-адамгершілік пен философиялық көзқарастарға көңіл бөлу арқылы оның шығу тегін негүрлым анығырақ білу зерделенеді. Сондай-ақ, сопылықтың Орта Азия халықтарының өміріне тереңдей ену себептерін жете білуге де межеленген. Жалпы, суфизмнің негізін түсініп, оның өткені мен бүгінгісін анықтау бізді өшкенімізді тұтатып, қайта жаңғыртуға, рухани қазынамызды саралап, салмақтауға итермелейді.

Шығыс халықтарының ислам аясындағы рухани алмасуына негіз болған сопылық танымның табиғатын- шығу себебін, даму тенденциясын айтып-атамай, ол тұрғыдағы туындыларды түсіну қиын. Сондықтан суфизм сырларын ашпай, сопылық ағым өкілдерін саналамай, осы сипатта жазылған шығармалардың шаңына көмілеріміз хақ. Олай дейтініміз, қазақ әдебиетінде сопылық сарыны бар туындылар жеткілікті болса да, жеріне жете зерттелген емес. Оған себеп, біріншіден, Кеңес кезеңінде діннің қоғамнан алшақталуы болса, екіншіден, сопылық танымның тұңғыық тереңіне бойлап, қатпар-қиынына қиялаудың қиындығы еді. Екі себептің де негізі-біреу, ол- тоталитарлық тар жүйе қыспағы болды.

Кілттә сөздер: руханият, әдебиет, ислам әлемі, діни-ағартушылық, сопылық, тенденция, таным, туынды, көзқарас.

Ислам діні рухани-мәдени салада тек Шығысқа ғана емес, бүкіл әлемге зор ықпал жасағаны мәлім. Ислам әдебиеті, мәдениеті және философиясы әлемдік өркениетте өзіне лайықты орнын тапты. Орта Азия өңіріне енгеннен бастап ислам қоғамдық өмірге, қоршаған ортаға деген көзқарасты қалыптастырушы ретінде, діни-мәдени өлшем ретінде берік орнықты. Ислам қоршаған ортаға сіңісті, өмірге өте бейімді болды. Бұл, әсіресе, өзара адамгершілік қарым-қатынастарда айқын көрініс тапты. Ислам Шығыс халықтарының, оның ішінде қазақтардың күнделікті өмір тәжірибесінде дәстүрге айналып, көрнекті кемеңгерлердің ой-пікірлеріне негіз болып,

шығармаларында әспеттелді. Осы орайда, мынаны есте тұтқан жөн. Діни келісімді рухани келісімнің барлық түрлерінің негізі деп қарастыруға болады. Өйткені ол адамдардың өзара байланысының, өзара көзқарасы мен қарым-қатынас жасауының ішкі өзегі болып табылады. Сондықтан Шығыс елдерін жақындастыратын негізгі факторлардың қатарында ислам тұрады. Ислам бұл өңір халықтарының дәстүрі мен мәдениетінің негізіне айналған ортақ бір руханият нышаны болып қалыптасты. Орта Азия елдеріне исламмен бірге араб-парсы мәдениеті де кірікті. Мұның өзі халықтың жазу-сызуынан айқын аңғарылды. Сондай-ақ, Құран мен дін оқуы арқылы араб-парсы жұртшылығының салт-дәстүрі де былайғы ел өміріне терең орнықты. Мәселен, «Наурыз» мейрамы түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігіне икемделіп, сіңісті болғаны сонша, оны «парсінікі» деп сендіру қиын. Сондай-ақ, бұл нышан – түркі тілдеріндегі араб-парсы сөздерінен де көрініс береді. Ислам әлемінің құндылықтары ұлы даланың дана перзенттері – Әл-Фараби мен Қожа Ахмет Иассауи есімімен де тығыз байланысты.

Әлбетте, халық пен халықты жақындастырып, олардың арасындағы рухани байланысты үзбей жалғастыратын сол ұлттың ұлдары – ой алыптары, гуманист адамдары екені рас. Бұл ретте, алдымен, әлемге әйгілі шығыстың шамшырақтары Фердауси, Рудаки, Омар һаям, Сағди, Руми, Қожа Хафиз, Жәми, Науаи, Маржани, Абай секілді бір туар таланттар ауызға ілінеді.

Ол алыптар мұсылманшылық шығысқа тән нақышы өзгеше, бояуы қанық небір асыл дүниелерді өмірге әкелді. Әдеби-мәдени үрдісті ілгері жылжытатын да, ұлтты ұлы қылатын да сол елдің арда азаматтары десек, сөз зергерлері жазып қалдырған жауһар жырлар мен даңқты дастандардың бұл тұрғыда атқаратын ролі ерекше екені мәлім. Шығыс халықтарының ислам аясындағы рухани алмасуына негіз болған сопылық танымның табиғатын- шығу себебін, даму тенденциясын айтып-атамай, ол тұрғыдағы туындыларды түсіну қиын. Сондықтан суфизм сырларын ашпай, сопылық ағым өкілдерін саналамай, осы сипатта жазылған шығармалардың шаңына көмілеріміз хақ. Олай дейтініміз, қазақ әдебиетінде сопылық сарыны бар туындылар жеткілікті болса да, жеріне жете зерттелген емес. Оған себеп, біріншіден, Кеңес кезеңінде діннің қоғамнан алшақталуы болса, екіншіден, сопылық танымның тұңғыық тереңіне бойлап, қатпар-қиынына қиялаудың қиындығы еді. Екі себептің де негізі – біреу, ол – тоталитарлық тар жүйе қыспағы болды [1, 64].

Ал, Шәкәрім, Шәді, Мәшһүр Жүсіп, Мақыш, Ғұмар Қараш секілді ақындардың осы тақылеттес шығармаларында шығыс шайырларымен сабақтастық байқалады. Осындай жайттардың қыры мен сырын ашу- негізгі мақсаттарымыздың бірі. Әрине, ол үшін ислам, оның жүрегі болып табылатын суфизм туралы еңбектерді дәйек етіп, иек сүйенеміз. Бұл ретте, ғылыми зерттеулерге сілтеме жасап, діни танымға негізделген туындылардың мазмұн

ұқсастығына қарай, пікір үйлесімділігіне орай ой өрбіткеніміз жөн. Әсіресе, түркі ақындарының орта ғасырдағы сопылық саңлақтары - Руми, Сағди, Қожа, Хафиз, Омар һаям, Жәми шығармашылығымен үндестігін, сабақтастығын тілге тиек етеріміз анық [2, 28]. Қалай десек те, ислам рухында жазылған, Хақ жолын мақсұттаған туындылардың мән-мағынасын ашып, анықтаудың маңызы өте зор. Бұл, біріншіден, шығыстық, түркілік әдебиеттің тынысын танып, таңбалау үшін, екіншіден, қоғамымыздың қазіргі кезде дін-исламға жақындай бастауының қажеттілігінен болса керек. Сондықтан да діни дүниетаным мәселесі арнайы тоқталуды қажет етеді. Өйткені Ислам әлемін неғұрлым тереңірек таныған сайын, соғұрлым оның тұңғығына сүңгіп, інжу-маржан ілеріміз сөзсіз. Нақты айтқанда, Құран-Кәрім ғылымы саласындағы ой-оралымдар, таңғажайып тұжырымдар, сонау VIII-ғасырда-ақ айқындалғаны мәлім. Оны Еуропа жұрты қабылдап қана қоймай өздерінде бұрын белгісіз ілім-білімді дамыта алды, сөйтіп, «біз өркениетке бұрын жеттік» деп даурықты.

Шынтуайтқа келгенде, ислам ілімі жайындағы еңбектерді саралап, салмақтар болсақ, сол қабылдап алғаннан былайғы діни сараптамалар батыс елдерінің жұртына тиесілі екен. Ал Азия жұртшылығын, біріншіден, үстемдік құрушы саяси құрылым етекпен тартса, екіншіден, самарқаулық пен жайбарақаттық қапы қалдырды. Сондықтан да болар, әсіресе, бізде – қазақта Құран-Кәрімді жетік білетін адам некен саяқ еді. Онсыз да діндарлығы шамалы қазаққа үш-төрт құран сүрелерін жатқа айтатын дүмше молдалар пайғамбардай көрінді.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі дінге, оның дүниедегі алатын орнына, рөліне жаңаша қарап, бағдарлауды қажет етіп отыр. Осы ретте, діннің халықтың рухани мәдениетімен тығыз байланысын ескерген жөн. Осы орайда, толғақты да тың мәселе бой көрсетеді. Ол – қазақ әдебиетіндегі діни дүниетаным. Әсіресе, исламның ішкі ағымы болып табылатын суфизмнің шығу тегін, оның төл әдебиетіміздегі көрінісін айқындауды алға міндеттеген абзал. Белгілі бір зерттеу объектісінің түп төркінін түсінбей не түсіндірмей, ол жайлы сөз қозғаудың өзі артық. Мәселен, қарапайым халық былай тұрсын көзі қарақты оқырманның көбі суфизмнің түп төркінін түсіне бермейді. Онда да жанама, үстірт түрде түсініп келді. Тіпті, қазақ топырағындағы суфизмнің ірі өкілі – Қожа Ахмет Иассауи шығармашылығы әлі де толыққанды қалпында көрінген жоқ. Осыған қатысты кейінгі кезде суфизм туралы тиіп-қашты әңгіме естіліп, бірлі-жарым еңбектердің жарық көргені де рас [3]. Десек те, бұлар ислам әлемі сияқты шексіз де шетсіз теңізден татқан ауыз тұшырлық қана нәрседей. Осы орайда, ерекше тоқталуды қажет ететін бір жайт бар. Ол - суфизмнің қазақша атауы (баламасы) туралы. Байыптап қарар болсақ, «суфизм» мен «сопылық» деген сөздердің түп негізінде ұқсастық болғанымен әрқайсысының әртүрлі мағынасы бар. Мәселен, «сопы» деп қазақта дін жолына түскен, шарифат заңдарын берік орындаушы адамды

айтады. Ал суфизм дегеніміз басқаша түсінікті білдіреді. Біріншіден, «суф»-сөзі арабтікі, ол – жүннен тоқылған ебедейсіз киім деген мағынаны білдіреді. «Суфи» деп осындай киім киген адамды айтады. Екіншіден, суфизм дегенді дервишизм алмастырады, өйткені, олардың мағыналары бір. «Дервиш» (дәруиш) парсыша «ашық есік», яғни хаққа есік ашық деген сөз. Дәруиш-мұсылман монахы, ол – белгіленген діни – этикалық қағидаларды орындаушы адам. Дәруиштік сектаның (топтың) екі түрі бар. Бірі ел кезуші, қыдырма дәруиштер, екіншілері – мешіт, мазарларда өмір сүретін жандар. Суфизм не дәруиштікті – «тасаввуф» деп те атайды, яғни ол – мистикалық қуанышты пайымдау, наным – сенімді терең қабылдау. Олардың (дәруиштердің) түсінігі бойынша шындыққа сырттай қарап, пайымдау – ең басты мақсат, сол арқылы «құдаймен жақындасуға» болады.

Бұл ретте суфизмнің ортодоксальды исламнан алшақтығы сезіледі. Бұлардың бір-бірінен өзгешелігі мынада – суфизм Құранда жазылған түсініктерді ескілікті деп қабылдайды. Суфизм теоретиктері Құран ілімі түсініксіз, әрі әлсіз деп санайды. Оның үстінде Алла адамдардан алшақ орналасқан және қатыгез иемденуші ретінде қарсы мағынада суреттеледі. Ал дәруиштер Аллаға жақындасу арқылы аса қуанышты күйде онымен бірігуге ұмтылады. Тәңірін ерекше ұлғайтып көрсету негізінде олар әсірелеуге (гипербола) жақындайды. Алайда бұл- суфизмнің исламмен ешқандай ортақтығы жоқ және оның негізін құрамайды деген ойды білдірмейді. Мұндай жаңсақ пайымдаулар әрі ұшқары, әрі біржақты болып табылады. Сонымен, суфизм – белгілі бір тұрмыстық-экономикалық жағдайға байланысты ортодоксальды исламның негізінде құрылған мұсылмандыққа уағыздайтын ілім ағымы. Ақындар сопылық ойды таратушылар ретінде үлкен құрметке ие болды; өз өлеңдерінде метафора мен сөздің құпия сырларын аша білді. Парсы суфисі Низами: «Ақын аузында алтын сандықтың кілті жасырын тұр» деп жазған. Құпия тіл ойлаудың дөркіленуінен, дінбұзарлық үшін айыптардан немесе азаматтық бойсұнбауынан қорғаныс ретінде қолданылған.

Сөйтіп, суфизмнің алғашқы идеялары оның әлі қалыптаса қоймаған кезінде діннен бөлінген топтарда көрініс тапты. Бұл IX ғасырдағы ортодоксальды исламды жақтаушыларға күресуші мутазилиттер ілімінің дамуында ерекше орын алады. Осыған ұқсас, бірақ аздаған өзгешелігі бар көзқарас мистик-аскеттік пікір суфизмнің алғашқы көрнекті идеологтарында кездеседі. Мысалы, «рухани тазарту», «өзін-өзі сынау» туралы ілім теоретигі «Алла құқын сақтау» атты көлемді трактат авторы Әл-Мұхасибиді (857 жылы Бағдатта қайтыс болды); жан азабының ілімі туралы еңбек жазған кубиялық Әл-Мысыри (850 жылы қайтыс болған); болмыстың жалғандығы мен Құдаймен бірігу ілімінің авторы, көне суфизмнің көрнекті теоретигі Абу Иезида (кейде Баяйида деп те аталады), «қайыршылардың құсы» атанған Бағдат әміршісі Әл-Жунайда әл-Хазада (941 жылы қайтыс

болды) сияқтылар бірінші болып ауызға ілінеді. X-XII ғасырларда суфизм идеялары өзіндік даму жолдарын тапты. Атап айтқанда, мұсылман ілімінің көрнекті өкілдері – «құдаймен бірігу» идеясын жалғастырушы Әл-Халадж (858-922 ж.ж.) өзінің идеяларын көптеген рубаяттарында айқын суреттеген, Хорасан суфизмінің өкілі- Абу Саид ибн Абул Хайралардың (967-1049 ж.ж.) еңбектерінде айрықша орын алады. Суфизмнің негізгі мақсаты мен міндеті «Құдаймен бірігу болып табылса, бұған Құран мен шарият талаптарына бағынған дағды мен діни құлшылық жасау арқылы жетуге болады. Құдаймен бірігуді олар (дәруіштер) адамның саналы түрде жетілуі деп түсінді. Ол көріністің түрі мен мәні әртүрлі болды. Өзіндік жетілудің басты сатылары үшеу: шариат, тарикат және хакикат.

1. Шариат-араб тілінде киелі заң ережелерін орындау, не заңдылық; яғни діншіл адам жүретін, жұмаққа жететін «тура жол». Әр суфий не дәруіш шариат жолымен жүруге тиіс.

2. Тарикат – «жол», не «тәсіл» деген мағынаны білдіреді. Суфизм ілімімен қаруланған дәруіш тарикаттың арқасында ғана құдайға жетеді.

3. Осы жолдардан өткеннен кейін ғана дәруіштер өздерін хакикатты орындауға дайынбыз деп біледі. Бұл сатыда олар сезім арқылы Аллаға жан-тәнімен беріліп, оған жақындай түседі.

Негізгі мақсаты– хакикатқа жету болып табылатын дәруіштер өздерін «ахл ал-хакикат», яғни «нағыз болмыстың адамымыз» деп атады.

Сондай-ақ көптеген суфистік топтар төртінші жолды-марифатты қабылдады. Мәселен, исламизмде ол өзіндік жетілудің соңғы сатысы саналса, ясауизмде саналы түрде жетілудің жарқын көрінісінің бір жолы ретінде қарастырылады.

Құдайға табынудың өзіндік мистикалық сатылары бар десек, осы сатыларға жету үшін сақтық, ұстамдылық, қайыршылық, көңіштік, сенім білдіру, тәуба ету сияқты адамгершілік асыл қасиеттер өте-мөте қажетті және негізгі деп саналады. Суфизмнің көрнекті өкілдерінің бірі –Имам Әбу Хамид Мұхаммед ибн-Мұхаммед Ғазали (1059-60- ж.ж.). Оны «исламның тірегі» деп те атайды. Ол – «Құдайға табыну ілімі» атты төрт томдық еңбектің авторы. Бұл еңбек бірнеше тілге аударылған және суфилер арасында өте жоғары бағаға ие болды.

Әл-Ғазали болса, ортодоксальды исламды бос және сүреңсіз ілім деп бағалады; оның жолын қуушыларды догматикаға терең бойламай-ақ нанымға бой ұруға болатынына сендірді. Ол ортодоксальды исламды суфистік элементтермен жанартып, діни сенім ағысын жандандыру қажет деп санады. Сондай-ақ, Ғазали бірыңғай суфизм жүйесін қуаттай отырып, экстатизм элементтерін шектеуді және ислам дінінің ішкі құрылымын дамытуды қуаттады. Ол өзінің «Діндарлар мен дінбұзарлар арасындағы айырмашылық туралы» деген еңбегінде суфизмнің ислам діні аясындағы заңдылығын қорғай келіп, «діни нанымның» үш негізін атайды. Олар:

«Аллаға, оның пайғамбарына және болашақтағы сотқа сену. Наным-сенімді құрайтын бұдан басқалардың бәрі – ағаштың бұтақтары сияқты нәрселер. Ал «бұтақтарға бола», ағаштан жиренуге болмайтыны секілді ұсақ-түйек нәрсеге бола дінге сенбеуге болмайды. Әрбір мұсылман осыны білуі қажет». Суфизмнің алғашқы кезеңдерінде барынша нығайып, дамуы Әл-Ғазали еңбегімен тығыз байланысты. Бұл жайында шығыстанушы ғалым Е. Э. Бертельс: «Ғазалиден кейін суфизм қалалық жұрттың қазынасы болудан қалды. Енді суфизмге феодализмге қарай жол ашылды» [4. 75]. (Бертельс Е. Э. Суфизм и суфийская литература. М., 1969)-деп, әділ бағасын берді. Шынында, Ғазалиден кейін ғана ислам дінін қабылдаушы далалықтарға даңғыл жол ашылды. Бұл құбылысты, әсіресе, суфизм идеяларының Түркістан өлкесіндегі көшпенділер арасына таралуынан байқауға болады. Осы өңірде суфистік үлкен беделге ие болғандардың бірі – Ахмет Иассауи. Ол бұл ілімді таратып қана қойған жоқ, сондай-ақ, суфизмнің кең құлаш жаюына ерекше ықпал етті. Сондықтан оны сопылық ілімнің көрнекті ақын-ойшылдары қатарына жатқызады. Суфизм тарихына барлау жасау діни-адамгершілік пен философиялық көзқарастарға көңіл бөлу арқылы оның шығу тегін неғұрлым анығырақ білуге міндеттейді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Ахмедов, Ф.** Алаш «Алаш» болғанда. – Алматы : Жалын, 1996.–224 б.

2 **Жеменей, И.** Хафиз және қазақ әдебиеті. – Алматы : Ғылым, 2000. – 124 б.

3 **Есімов, Ф.** Хакім Абай. – Алматы. Атамұра-Қазақстан, 1994; Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. – Алматы. Ғылым, 1994; Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы : Қазақстан, 1994; Ахметбек А. Қожа Ахмет Яссауи. – Алматы : Санат, 1998; Керимов Г. М. Ал-Ғазали и суфизм. – Баку, 1969.

4 **Бертельс, Е. Э.** Суфизм и суфийская литература. – М., 1969.

Материал 02.10.15 баспаға түсті.

Б. Г. Сарсенбаева, С. Н. Сутжанов

Роль ислама в духовном просвещении

Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар

Материал поступил в редакцию 02.10.15.

В. С. Сарсенбаева, С. Н. Сутжанов

World of islam in spiritual enlightenment

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.

Material received on 02.10.15.

В начале века литературно-культурные связи между казахским и татарским народами, основанные на единстве языка и религии продвигались вперед. Так, например, имело место тесное сотрудничество в деятельности печати и периодического издательства. Выпуск множества книг в г. Казани, Уфа, Оренбурге упрочили духовный взаимообмен между родственными народами. Также следует отметить, что на увеличение казахских газет-журналов влияли татарские издания, а также их огромная помощь. Точнее, казахские издательства свое направление определяли, глядя на своих соотечественников, и это подтверждает их выход из подчинения баям и купцам. Даже первые национальные независимые издательства журналы «Айкап» и «Казах», по примеру татарских издательств выстраивали свой внешний вид и определяли свои цели.

Также известно, что просвещение занимало главную роль в духовном взаимообмене между этими народами. В этом отношении, сформированный в татарском обществе и широко распространенный новый вид обучения в казахском обществе был принят за основу обучения. Новое просветительское направление отразилось и на казахской литературе. Итак, в восточной литературе через просветительство установилась духовная взаимосвязь. Нужно признать, что на литературу татар, башикур, казахов, узбеков и других народов было влияние русской, западной цивилизации.

At the beginning of the century literary and cultural relations between Kazakh and Tatar people progressed, based on the unity of language and religion. For example, there has been close cooperation in the activities of the press and periodical publishers. Release of a number of books in the cities Kazan, Ufa, Orenburg strengthened spiritual interchange between kindred peoples. It should also be noted that increase in Kazakh newspapers, magazines was influenced by Tatar editions, as well as their huge help. More precisely, the Kazakh publishing determined its direction by looking at their compatriots, and it confirms their way out of subordination to the rich and merchants.

Even the first national independent publishing magazines «Aikap» and «Kazakh», following the example of the Tatar publishing straightened their appearance and defined their goals.

We also know that education occupied a central role in the spiritual interchange between the nations. In this respect, new widespread kind of training formed in the Tatar society and was accepted in the Kazakh society as a basis for learning. The new educational direction reflected in Kazakh literature. So, relationship established in the eastern literature

through established relationship. We must admit that the literature of the Tatars, Bashkirs, Kazakhs, Uzbeks and other peoples was influenced by Russian and Western civilizations.

ӨОЖ 101.9 / 177.7

Қ. Ө. Тамабаева¹, Ж. Е. Мырзабеков²

¹ф.ғ.к., доцент; ²гуманитарлық ғылымдар магистрі

ТҮРКІЛІК ӨРКЕНИЕТТЕГІ ТЕКТІЛІК, КІСІЛІК, ТҰЛҒА ҰҒЫМДАРЫ ЖӘНЕ М. ДУЛАТИ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Мақалада түркі өркениетіндегі тектілік, кісілік және тұлға ұғымдары М. Дулати шығармашылығы негізінде талданып, мазмұндалады. Сонымен қатар, аталған ұғымдардың адам бойында қалыптасуының алғышарттары мен қоғам, мемлекет дамуы үшін қосатын үлесі қарастырылады. М. Дулати тұжырымынша, ел басқаратын адам жаратылысынан тектілік атты қасиеттен бастау алуы қажет екендігіне тоқталады. Қазақ халқы ең ұлы ұғымға санаған тектілік – өмірді өзің үшін гана жасамай, кейінгі ұрпаққа өнеге болатын үлгі істерімен танылу, тұлғалық биіктікпен даралану деп түйіндеген М. Дулати ойларының бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде де мол маңызға ие екендігі зерделенеді.

Кілтті сөздер: Түріктер, түркі өркениеті, адамгершілік, адамзат, тарих, қазақ философиясындағы құндылықтар, тұлға.

Түркі өркениеті жан-жақты, терең мазмұнға ие. Дербес және мәдениетінің спецификалық жүйесі мен өзіндік тарихы бар, әдістер мен әлемді танудың тәсілдері жинақталған құрылым. Жетпіс жыл бойы бодандықтың құрсауында болып, бір сарынды өмір кешкен, ұлттық ұғымдарымыз көмескіленіп, саяси тәртіп пен белгілі талаптарға үйреніскен халқымызды қалың ұйқыдан оятып, елең еткізген намысшыл жастарымыздың қанымен келген, өткен тарихи тұлғаларымыздың күрсініске толы шығармалары арқылы әбден арманға айналған бостандығымыз бен тәуелсіздігіміз болатын. Мемлекетіміздің егеменділігі, ұлттың сана-сезімінің өсуі мәдени және рухани дәстүрлердің өсуіне өркендеуіне жағдайлар туғызып қана қоймай, оларды іске асыруға мүмкіндіктер туғызып отыр.

Халқымыз өз тарихында «Ақтабан шұбырынды Алакөл сұлама» секілді қиын тарихи оқиғаларды аз кешірген жоқ. Әйтсе де, ұзақ-сонар жерін талай

басқыншыдан аман сақтап қалды. Бұл ең алдымен, халқымыздың көшпенді тұрмысы мен рухани ойлауының нәтижесі. Қазақ халқы ғана емес, бүкіл түркі дүниесіндегі философиялық, әлеуметтік ой-пікірлердің тереңдігі батыс, шетел ғалымдарының назарын ерекше аударып, түркі қоғамы мен өркениеті дамуының әр түрлі тарихи дәуірлер мен уақыт ерекшеліктеріне байланыстылығына аса көбірек мән беруде. Көшпелі дүниетанымға негізделген түркі өркениеті ұғымын тектілік, кісілік және тұлға ұғымдары аясында талдап, таразылап көрелік.

Түркі әлемін отыздан астам халық, алты тәуелсіз мемлекет, ондаған автономия, дәлірек айтқанда жетпіс миллионнан аса адам құрайды. Түркі халықтары ұлан-байтақ империяны құрған жауынгер халық ғана емес, шебер әдеби ескерткіштердің авторы, өте ертедегі руналық жазудың иегері. XIX ғасырдың аяғына таман әлемдік шығыстануда өте керемет оқиға ретінде ежелгі түркі поэмалар мен тасқа жазылған жазбалардың оқылуы саналды. Бұл жаңалықтың иегерлері Н. Ядринцев, А. Гейкель, В. Томсен, В. Радловтар әлемдік өркениеттің дамуына өте қомақты үлес қосты. Бұл жазулар тек жазбалар ғана емес, поэтикалық көркемдік жазу үлгілерін танытты. Әлемдік әдебиет пен тарихта орыс халықтарының ең құнды «Игорь жасағы туралы аңыз» шығармасынан төрт ғасыр бұрын туындаған «Білге қаған», «Тонькөк», «Күлтегін» секілді шедеврлерді дүниеге келтірген түрік халықтары кейінгі дамуда да өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Зерттеушілердің санамалап көрсеткеніндей, алты ірі поэма мен ондаған шағын эпиграфиялар (жоқтаулар) тек тарихи тұлғалар мен қағандардың өмірі мен билігін баяндап қана қоймайды, олар өте құнды деректерге бай. Мәселен, ежелгі руналық түркі жазбаларында қырықтан астам бүгінгі қазақ рулары мен ұлыстарының аттары аталады. Олардың әлемдік мәдениеттегі рухани, көркемдік мән-мағынасының тереңдігі тек тәуелсіздігімізге қол жеткізгеннен кейін ғана ескерілуде.

Түркілік дүниетаным негізінде қалыптасқан түркі халықтары бүгінгі таңда ұлттық ерекшеліктері мен тарихы туралы зерттеулер жүргізуде. Әрбір ұлттың өзіне ғана тән мәдениеті мен өркениеті болатынын ескерсек, қазақ өркениетін толығымен зерделеу арқылы түркі өркениетінің де жалпы мазмұнын тануға болады екен. Бұл үшін Дулати секілді рухани көшбасшылардың шығармашылығы мен өрелі ойларына жүгіну қажеттігі туындауда. Өз философиялық көзқарастарымен дала өркениетіне қомақты үлесін қосқан тұңғыш ұлт тарихшысы Дулати оны адамзаттың рухани мәдениетінің деңгейін көрсететін ғылым деп санады. Ешқандай арнайы философиялық мектептер болмаса да, қазақ – өте терең философ халық болып саналады. Өйткені, біздің басқа түркі халықтарының ішінде ауыз әдебиетіміз терең дамыған. Ұлтымызда философиялық толғамдарды ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден-балаға ауызша жеткізу дәстүрі көп ғасырлық тәжірибесімен дараланды. Ұлы далада ғұмыр кешкен халқымыз киіз үйде

тұрып-ақ, өзіндік материалдық және рухани мәдениетке, өзіндік тұрмысқа, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға ие болды. Көшпенді өмір тіршілігі оларды жаратылысты өзінше тануға қалыптастырды.

Әрбір халықтың ұлттық танымы мен рухани болмысы тарих беттерінде өзіндік ойлы көзқарастарымен дараланып, ойлау жүйесінде дербес қолтаңбасын қалдырған ұлы ғұламалар есімімен тығыз байланысты. Дегенмен, ұзақ жылдар еңсемізді езген бодандық пен отаршылдық түрліше рухани күйзелістерге алып келді. Дегенмен, армандаған азаттық таңы атып, еңсемізді тіктеп, жоғалтқанымызды түгендеп, асылдарымызға жоқтау салып, ұлттық мұраттарға қадам бастық. Ұлт тарихында ғана емес, адамзат тарихында жалпы рухани байлықтың қайнар көзі саналатын асыл мұраларымызға да ерекше көзқараспен қарап, терең түсінуге тырысудамыз.

Әлемдік мәдени антропогенездің ошақтарының біріне саналған Орталық Азияда өмір сүрген түркілердің жалпыадамзаттық рухани мәдениет пен өркениет дамуындағы үлесі ерекше. Осы себепті де жеке мәдени-тарихи тип ретінде қарастыру қажет. «Моғолстан деп аталатын аумақтың ұзындығы мен ені жеті-сегіз айлық жол болады. Оның шығыс шекарасы қалмақтарды жері – Барскөл (Қашқарияда), Еміл (Тарбағатайда) және Ертіске тіреледі. Солтүстігінде Көкше теңіз (қазіргі Балқаш көлі), Бум Лиш және Қараталмен; батыс шекарасы Түркістан мен Ташкент және оңтүстігінде Ферғана, қашқар, Ақсу, Чалыш, Тұрфанмен шектеседі» [1, 403 б.] – деп Дулати көрсеткен географиялық кеңістікте бүгінде жүздеген мемлекеттер өмір сүруде.

Д. Клеменец көне түркілерді «тамаша халық» деп тегіннен-тегін атамаған.

Түркі өркениеті әлемдік өркениеттерге жолбасшы болғаны да дәлелденуде. Ұлан-байтақ кеңістікте ғұмыр кешкен түркілер өмір, жаратылыстың тылсым сырларына қанығу барысында ұлы өркениет көшін қалыптастырды. Көшпенді ғұмыр кешіп, кең байтақ даланы қорғап, басқа мемлекеттермен ортақ қарым-қатынаста болған протоқазақтар (түркілер) өркениеті әлемдік өркениетке өз игі ықпал-әсерін тигізбей қалған жоқ. «Көшпелінің қозғалысы уақытпен үндес. Ал, философияда уақыт дегеніміз – қозғалыс. Бұл қозғалыс – кеңістік ішінде ритммен жүйелі қайталанып отыратын қозғалыс. Кеңістіктегі қозғалыс – уақытты мәдени-тарихи мазмұнмен толықтыратын, дала өркениетінің бастауы. дала өркениетінде көшпелі кеңістікті кезді, кеңістікке енді, кеңістікте өсіп өнді. Дала өркениетінде төзімділік пен рух, мал мен егін шаруашылығы бірін-бірі толықтырды, өздерінің тиімді деңгейін қалыптастырды. Содан көшпелілік дала табиғатының әрқалай ауа райлық ортасына лайықты жинақы да орнықты арнасын таба түсті. Көшпелінің санасы, тарихи жады үнемі қозғалыста, үнемі жаңғыру үстінде болды. Себебі, ол уақыт пен кеңістік ішінде қозғалыс арқылы ата қоныс жайлауларын аралаумен болды, бір-

бірмен тіл табысып жатты. Топтаса бірлесіп өмір сүрудің тәсілдері мен жолдарын жетілдірді. Дүниеге, адамға деген осындай кең көзқарас, тартымды түсінік, төзімді мінез-құлық – халықтың туыстық сезімталдығын ұштады, оның дәстүрлі мәдениетінің түп-тамырын құрастырды» [2, 6-15 б.] – деп нақты, әрі ғылыми тура тұжырымдайды А. Қасымжанов.

Түркі өркениетінің үш ғасырдан астам уақыт өмір сүріп келе жатқандығын айтып өттік. Дала немесе көшпелі өркениет деп аталған түркілік дүниетаным өте терең. Оның философиялық астары мен мазмұны әрбір зерттеуші еңбегінде жаңа қырынан көрініп, жан-жақты сипат ала беруде. С. Ақатайдың түйіндеуінше: «Көшпелілердің рухани өмірі мен дүниетанымы кездейсоқ ұғымдардың тізгін бермес жүйесіз сапырылысқан жиынтығы емес, керісінше ғылым тілінде көшпелілік деп орныққан біртұтас қондырғылық идеялық үрдіс ретіндегі мәдени құбылыс» [3, 280 б.]. Шексіз кеңістікте ғұмыр кешкен ата-бабаларымыз даланың өздеріне беймәлім сырлары мен тылсым дүниесінің құпия құбылыстарына терең мән бере қарап, қанығуға тырысты. Табиғатпен етене өмір сүріп, оның әрбір перзентіне ерекше жанашырлық білдірді. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне ыстық ықылас білдірді. Осы себепті де түркілер – жасампаз өркениетті қалыптастырды. Түркі өркениеті өз көшпелілік мағынасымен тереңдей түсті. Осы орайда А. Сейдімбектің мына бір пікірі назар аудартады: «Көшпелілер мәдениетінде толып жатқан «измдердің» кездеспейтіндігін, идеал тұрақтығын, соның арқасында мыңдаған жылдар бойы сыртқа еліктеуден гөрі іштей шыңдалудың басым болғандығын, сөйтіп жалпыадамзаттық мәдениетте өзіндік дара бітімімен көзге түсетінін әлгіндей қасиеттерден іздеу керек» [4, 64 б.].

Түркілік өркениет «өмірдің әсер-ықпалымен» туындаған, өз мазмұн қуатымен дараланатын рухани мағынаға ие. Оны бүгінгі зерттеулермен асыл ойлар керуені дәлелдеп беруде. Түркі дүниесіне ортақ ғұлама ғалымдарымыздың сүбелі ойлары мен тұжырымдары ғылыми сипаты мен терең философиялық қуатымен дараланып, әлемдік мәдениет пен руханиятта айрықша бағалануда.

Түркі өркениеті мазмұны әрбір түркі халықтарының мәдениеті мен өркениетіне бастау болған. Сондықтан да, қазақ өркениетінің әлемдік өркениетке қосқан үлес салмағын бағдарлау барысында да жаңа мазмұнға ие болып, толығына даусыз. Түркілік өркениеттегі тектілік, кісілік, тұлға ұғымдары – өте маңыды ұғымдардың санатынан саналады. Өйткені, ұлы ғұлама әл-Фараби ел басқаратын адамға 12 түрлі талап қойған екен. Соның ішінде, ел басқаратын адам жаратылысынан тектілік атты қасиеттен бастау алуы тиіс. Туа біткен текті адам өзін-өзі үнемі танып, ақыл-парасатын дамытып, бойындағы тектілігін шындап отыруы тиіс. Адамның тектілігі оның ұлықтың ақылын аздырмайтын, сезімін сөндірмейтін ұлы күш-халыққа деген жақсылығынан, рухани өмір әрекеттерінен айқын көрініп отырады. Яғни, қазақ халқы ең ұлы ұғымға санаған тектілік – өмірді өзін үшін ғана жасамай, кейінгі ұрпаққа

өнеге болатын үлгі істерімен танылу, тұлғалық биіктікпен даралану. Тектілік қасиет дегеніміз тұқымы асыл, ел-жері үшін жаны мен арын қиюға даяр, кісілік келбеті ерен адамдардың бойында болады. Тарихта өткен ұлы текті адамдардың барлығы да ұлттық рухты көтеруге, қара басының қамынан халық қамын жоғары қойған, руханият пен өркениетке өлшеусіз еңбек еткен ұлы тұлғалар болып саналады. Әлемдік жаһандану жағдайында тұрған тәуелсіз мемлекетіміз үшін де тектілікті дәріптеу, яғни, халқына рухани қолдау беріп, мәдени құндылықтар мен асылдыққа табынатын, ұлтын ұлықтауға бар күш-жігерін сарқа жұмсайтын ұрпақ тәрбиелеу ісі терең мазмұн мен қажеттілікке ие болуда. Әрбір ұрпағымыз тектілік, кісілік, тұлға ұғымдарын жете түйсініп, адамдық жаратылыстан азаматтық келбетін даралай алса, ұлттығымыздың, тәуелсіздігіміздің мазмұны тереңдей бермек. Тектіліктен кейінгі ұрпақ үйренетін тәлім, тағылымды тәрбие мол болады. Ғұмырында елі мен жері үшін қайтпас қажырлылықпен өмірлік әрекеттер атқарған текті тұлғаларды жастар танып, іс-әрекеттерін пайымдап, саралап, тәлім алып, халықшыл, ұлтшыл, ең бастысы, азаматтық болмысын даралау үлгілерін үйренеді екен. Ең бастысы қоғамды қалыптастыратын – адам. Оның ішінде текті тұлғалардың кісілік қасиеттері қайсыбір қоғам үшін өте маңызды. Ал, тектіліктен бастау алатын кісілік дегеніміз – адамның абыройы, беделі, дәрежесі екені сөзсіз. Ал, кісілік қасиеттердің негізі ізгілік пен – әдептілікте жатыр.

М. Х. Дулати – түркі өркениетінің текті тұлғасы, кісілік қасиеттерімен руханиятқа өлшеусіз үлес қосқан ойшыл. Философ Ж. Молдабеков тектілік ұғымын талдай отырып: «Тектілікті атадан балаға қалыптасқан күйінде қалатын мұра деп ұғыну әбестік. Тектілік – келбетті мен кеменгердің, есті мен еріктінің әлеуметтік жемісі мен жеңісі, ұлағаттылық пен рухани ұстаздыққа кісілік жол. Нағыз тектінің тірегі мол, жұбанышы жетерлік. Кісілікті тұтатқан, ойында арамдығы, адалдығы мол қатынаста жарастықты, істе үлгіні іздестіріп, бетке ұстайтындар – тектіліктің нағыз жеткіншегі дерлік. Адалдық пен адамдық рәсімін риясыз қадір-құрмет ететін, ел жұртында перзенттік ізет-құрметтің өлшемін ұмыт қалдырмайтын, жанашырлығы көп, бұра тартпасы жоқ. Өмір сүйгіш, ел сүйгіш ынтызар – тектіліктің бекем ұйытқысы» [5, 102 б.], – дейді. Осы тұрғыда М. Х. Дулати да өзінің халқының, жерінің алдындағы міндетін, өзіне ықпал еткен ұлы тұлғалардың рухани істерінен қуат ала отырып, азаматтық борышын адал орындай білді. Өзінің текті тұқымынан шыққандығын үнемі қаперде ұстап, тектілік ұлттық рухтың қуаты, мемлекеттіліктің іргетасы екендігін айшықтайтын ұлы мұра қалдырды. Дулати шығармашылығының түркі өркениетіндегі маңызын саралау тұста оның тұлғасының тектіліктен бастау алатынының өзі көп жайтты аңғартып, күн өткен сайын ойшыл мұрасының тағылымының артып отырғандығының дәйегі болады.

М. Дулатидың тұлғалық қасиеттерін зерделеу – оның азаматтық болмысын айқындап қана қоймай, нағыз текті адамдардың қандай болуы

керектігіне де жауап береді. Кейінгі ұрпаққа Дулати тұлғасы арқылы тектілікті дәріптеу, ең бастысы, адамның өзін-өзі шындау, адамдық болмысынан азаматтық борышын адал орындауға дейінгі өмір қағидаларына бағдар беру – жас тәуелсіз мемлекетіміз үшін де маңызды болмақ. Осы тұста, Ж. Молдабеков: «...Нар қалыпты, әдеби табанды азаматтардың қатары толыққан сайын халық тектілене түседі. Текті орта сыпайы да есті адамның кісілік қасиеттері мен онды кимыл – әрекетін елеусіз қалдырмаған», – деп тектіліктің мәнін тереңнен қозғайды. Біздің қоғамда да тәуелсіздігіміз бен мемлекеттілігімізді өміршең етуде тектілікті аса дәріптеу жан-жақты қажеттілікке ие болуда. Қиын да қатерлі тарихи кезеңдерді басынан кешірген ұлтымыздың осылай ұйысып, егемендікке қол жеткізуі, әрбір дәуірдің тарихи тауқыметін жеңе білуі – сол дәуірдегі текті тұлғаларымыздың кісілік қасиеттерінің жемісі, тағылымды нәтижесі екендігі даусыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Дулати, М. Х. Тарихи Рашиди. – Алматы : Тұран, 2003. – 614 б.
- 2 Салғарин, Қ. Қазақтар. – Алматы, 1995.
- 3 Мингулов, Н. Мухаммад Хайдар Дулат // Великие ученые Средней Азии и Казахстана. – Алма-Ата, 1965. – С. 62-64.
- 4 Есім, Ф. Сана болмысы (Саясат пен мәдениет туралы ойлар). – Алматы : Эксито-Верена, 1994. – 272 б.
- 5 Молдабеков, Ж. Заманның келбеттенуі және оған тарихи талдау // Мұхаммед Хайдар Дулати. Ойшыл. Тарихшы. Жазушы. Қолбасшы : Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 1999. – 200-201 б.

Материал 02.10.15 баспаға түсті.

К. О. Тамабаева, Ж. Е. Мырзабеков

Понятия знатность, человечность, личность в тюркской цивилизации М. Дулати

Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар
Материал поступил в редакцию 02.10.15.

К. О. Tamabayeva, Zh. E. Myrzabekov

The notions of nobility, humanity and personality in the Turkic civilization and the concept of M. Dulati

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.
Material received on 02.10.15.

В статье на основе произведений М. Х. Дулати рассматриваются такие понятия, как человечность, личность, их содержательное значение в эпоху тюркской цивилизации.

Наряду с этим анализируются предпосылки формирования названных понятий у человека, их важность в развитии общества, государства. Жить не только для себя, своими делами, быть образцом, примером для будущих поколений, развивать талант, полученный с рождения, стать настоящей личностью – у казахского народа считается одним из важнейших принципов.

По мнению М. Дулати, весьма немаловажно для человека, возглавляющего народ, его происхождение и преемственность поколений.

На сегодняшний день взгляды М. Х. Дулати по своей значимости достойно могут занять свое место в воспитании нынешнего поколения.

The article, based on the works of M. H. Dulaty, discusses the concepts such as humanity, personality and their informative value in the era of Turkic civilization.

Along with this, there are analyzed the prerequisites for the formation of these concepts and their importance in the development of society and the state. Kazakh people considered living not only for themselves, for their business, to be a model, an example for future generations, develop their talent, given from birth, to become a real person, to be the most important principles. According to

M. Dulaty, the origin and continuity of generations is very important for a leader of the people.

Today, the significant views of M. H. Dulaty can take their worthy place in the education of the present generations.

УДК 94 (574)

Г. М. Тохметова

Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар

К ВОПРОСУ О РАЗВИТИИ РАБОЧЕГО ДВИЖЕНИЯ В 1885-1905 ГГ.

В статье раскрывается период с 1885 по 1905 гг. На фоне развития капиталистических отношений рассматривается подъем рабочего движения в северо-восточном регионе Казахстана.

Ключевые слова: рабочее движение, капитализм, отношения, социальная прослойка, крестьяне, промышленные предприятия, добыча золота.

К середине XIX века завершился процесс присоединения Казахстана к России. Это означало ликвидацию границ для проникновения в Казахстан новых общественных отношений, что привело к коренным социально-экономическим сдвигам в жизни казахской степи. Как и другие национальные окраины, Казахстан стал районом, в котором развернулось распространение русского капитализма, для которого здесь были благодатные условия – богатые природные ресурсы, огромные пространства плодородных земель, дешевая рабочая сила, широкий рынок сбыта. Все это побуждало царизм заняться освоением края. Как следствие появляются первые крупные промышленные предприятия. В северо-восточном регионе Казахстана по количеству населения и развитию промышленности и торговли выделяется Семипалатинск, Павлодар, Усть-Каменогорск, где сосредоточились горные заводы, рудники, предприятия обрабатывающей промышленности и различные промыслы. К середине XIX века рабочий класс был сформирован как социальная прослойка – джатаки. Выделившиеся из среды беднейшего крестьянства, лишившиеся скота – источника существования, они вынуждены были искать работу на приисках и предприятиях. По данным П. П. Румянцева, джатаки составляли из общего числа хозяйств в Усть-Каменогорском уезде – 9,9%, Каркаралинском – 4,4%, по 10 уездам Акмолинской, Семипалатинской и Тургайской областей джатаки в среднем составляли 4,3% от общего числа хозяйств [1].

Эти цифры еще раз подчеркивают о постепенном проникновении в казахский аул капиталистических отношений. Как следствие, происходит рост местной промышленности и формирование казахского пролетариата. На

базе богатейших месторождений полезных ископаемых получила развитие горнодобывающая промышленность: добыча золота, свинца, серебра, меди, поваренной соли. В одну из главных отраслей местного промышленного производства превратилась в 1895г. добыча золота. Часты выступления рабочих в этой отрасли.

Европы, уровень социальной напряженности имеет тенденцию к росту. В связи с этим на современном этапе особо актуальной представляется проблема обеспечения социальной безопасности в Казахстане. На наш взгляд, по многим ее критериям ситуация в стране стала опасно приближаться к пороговым критическим показателям, что выражается в:

- сокращении продолжительности жизни;
- ухудшении состояния здоровья населения;
- снижении уровня образования;
- падении материального достатка.

В числе значимых факторов национальной безопасности находится демографическая политика. Ее задача заключается в обеспечении нормального воспроизводства населения, создании благоприятных условий для рождения и воспитания детей, повышения уровня средней продолжительности жизни и улучшения показателей здоровья.

Рассмотренные проблемы политической глобализации в контексте модернизационных процессов и трансформации политической системы, необходимо отметить следующие концептуальные основы:

- глобализация затрагивает все сферы общественной жизни – экономической, политической, социальной, культурной;
- происходит процесс взаимопроникновения внутренней и внешней политики;
- глобализация политики приводит к изменению функций государства и роли национальных государств;
- по мере углубления глобализации актуализируется теория модернизации. На наш взгляд, происходит кристаллизация общей модели. Исследователи отмечают, в основном, «технократическая концепция модернизации, которая оформилась на Западе в середине XX века и применялась, прежде всего, по отношению стран «третьего мира». Модернизация в условиях глобализации предполагает либерализацию национальной экономики и политической системы;
- с процессом политической глобализации и модернизации важное значение приобретает понятие «традиционности» и усиливается его влияние на эти процессы;
- в достижении равновесия в обществе в условиях глобализации актуализируется социальная политика, происходит переосмысление основных концепций организации общественной жизни;
- в условиях глобализации происходит процесс формирования концептуальных основ экономической и политической безопасности Республики Казахстан.

Таким образом, «возрастающую роль в условиях глобализации приобретает действие и решение, принимаемые далеко за пределами

национально-государственных границ, другими правительствами или разного рода международными организациями.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 **Аннан, К.** Общая судьба – новая решимость. Годовой доклад о работе организации. 2000. – Нью-Йорк, Аннан К. Ощущается странного рода примирение с угрозами // Международная жизнь. – 2001. – № 3.

2 **Машан, М. С.** Политическая система Казахстана : трансформация, адаптация, целедостижение. – Алматы : Қазақстан даму институты, 2000.

3 **Елемесов, Р., Жатқанбаев, Е.** Государство и рынок : Учебное пособие. Алматы : Каржы-каражат, 1997.

4 **Кусаинов, А.** Проблемы совершенствования системы образования РК//Саясат. – Алматы, 1995. – № 6.

5 Министерство социальной защиты населения Республики Казахстан. Социальная защита населения : опыт, проблемы, перспективы : Государственный доклад. – Алматы, 1996.

6 **Мукашев, С. О.** Профсоюзы в период становления социального государства. Смешанное общество : мировой опыт и Казахстан. – Алматы : ИЭ МИ-АН РК, 1998.

7 **Бектурганов Б. И.** Трансформация социальной структуры. Смешанное общество: мировой опыт и Казахстан. – Алматы : ИЭ МН-ЛН РК, 1998.

8 **Мухтарова, К. С.** Формирование экономически активного населения в условиях трансформации экономики Казахстана / Сборник научно-практической конференции КазГУ им. аль-Фараби : «Управление социальными процессами». – Алматы, 1996.

Материал поступил в редакцию 02.10.15.

N. A. Kadraliyeva, A. Ya. Musaeva

Саяси мән мәтіндегі саяси жүйені трансформациялау және трансформациялау және модернизациялау үдерісі

М. Х. Дулати атындағы ТарМУ, Тараз қ.

Материал 02.10.15 баспаға түсті.

N. A. Kadraliyeva, A. Ya. Musaeva

Political globalization in the context of modernization and transformation of political system

М. Kh. Dulaty Taraz State University, Taraz.

Material received on 02.10.15.

Берілген мақала жаһандану жағдайында өтпелі кезеңдегі халықтың тұрмысы, жақсы өмірі мен кедейшілігі, кірістерінің бөліну мәселесін зерттеуге арналған.

This article discusses the transformation processes that show a transition from a traditional society to a modern social system.

The transition from a traditional society to an industrial leads to the elimination of traditional institutions and an abrupt change in the established way of life that resulted in an increase of social frustration and increasing marginal, destabilizing segment of the population reduces the stability and security of the political system.

ӘОЖ 340.111 (574)

Н. А. Қадралиева, А. Я. Мусаева, Е. А. Қадралиев

М. Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университеті, Тараз қ.

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЕРЕЖЕ ТҮЗУ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Әдет-ғұрып құқығы нормаларының ресми қайнар көздерінің бірі – «Ереже». «Ереже» қазақ халқының дәстүрлі мемлекеттік және құқықтық мәдениеттің алтын қорынан сақталған қымбат қазына. «Ереже» қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесінде ерекше маңызды орын алатын қазақи құқықтық мұра болып табылады. «Ереже» қазақ даласында ежелден бері қолданылып келе жатқан құқық нысандарының іргелісі және оның заңды жалғасы.

Кілтті сөздер: әдет-ғұрып, заң, мемлекет, қоғам.

Әдет-ғұрып құқығы нормаларының ресми қайнар көздерінің бірі – «Ереже». «Ереже» қазақ халқының дәстүрлі мемлекеттік және құқықтық мәдениеттің алтын қорынан сақталған қымбат қазына. Бұл ұлы құжатқа байланысты ауызша және жазба деректерді қарастырып отырып «Ережелердің» мемлекет пен қоғамның тіршілігін үйлестіретін негізгі заң қағидаларының жинағы немесе мемлекеттік биліктің үлгісі ғана емес, сонымен бірге ұлттық танымның айшықты айнасы, халық рухының қамқоры, ұлттық мүдденің жаршысы екенін аңғарамыз. Жер жүзіндегі қандай да бір елдің арман-тілегі де, мақсат-мүддесі де мемлекеттік және ұлттық тәуелсіздігі, осы ұлы түсінік. «Ережелердің» ел құрметіне бөленіп, ел ақсақалдарының жадына берік жазылуына негізгі себепкер.

«Ереже» қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесінде ерекше маңызды орын алатын қазақи құқықтық мұра болып табылады. «Ереже» қазақ даласында ежелден бері қолданылып келе жатқан құқық нысандарының іргелісі және оның заңды жалғасы.

Ғылыми әдебиетте «Ережелердің» пайда болу дәуірі жайлы екі түрлі көзқарастың орын алғандығын аңғаруға болады. Зерттеушілердің бірі тобының (Культелеев Т. М., Сапарғалиев Г. С., Әсеров Н.) болжам пікірінше ережелер көшпелі қазақ қоғамына ежелден тән құбылыс. Сахара жұртының құқықтық өмірінің ұзына бойғы тарихында Ережелердің алар орны бөлек.

Біз қолда бар деректерді қарастыра отырып «ереже» туралы мәліметтерді негізінен жазбаша түрде, қаулылар т.б. арқылы сақталған деп есептейміз. «Ереженің» түп өзегі Евразия көшпелілерінің бірнеше мың жылдар бұрын қалыптасқан әдет-ғұрып заңдарына негізделген. Сонымен бірге «Ереже» ХІХ ғасырдың екінші жартысында жазылған саяси-әлеуметтік ахуалға ыңғайланған әдет-ғұрып нормаларының жаңа редакциясы. Көшпелі қауым арасындағы саяси билік бірде күшейіп, бірде әлсіреп замана әсеріне, әсіресе сыртқы ортаның ықпалына тікелей ыңғайланып отыратын құбылыс. Саяси билік белгілі дәрежеде не сырттан қауіп төнгенде, не сыртқа бағытталған көшпенділердің ірі қозғалыстарының кезінде күшейіп, ал қауім ішінде бейбітшілік тенденциялары нығайғанда әлсіреп отырады.

Зерттеушілердің көпшілігі «Ережені» тек құқықтық мәселелермен ғана байланыстырады. Бұл таңдау белгілі дәрежеде тарихи институттарға ретроспекциялық тұрғыдан қараудың тікелей жемісі. «Ережеге» байланысты әдет-ғұрып ережелері, қаулылары жинақталып хатқа түсе бастаған уақытта қазақ мемлекет дәстүрлері аса құлдырап, оның реттегіш механизмдері, заңдары қолданыстан шыға бастаған еді. Қазақ мемлекетінің негізгі ұйытқысы, құрылымдық жүйесінің негізі болып табылатын туысқандық қарым-қатынастар «ақтабан шұбырынды» заманында үлкен соққы алып, қалыпты жүйесін бұзып алды. Бұл дағдарыс әлеуметтік топтар арасындағы қарым-қатынасқа да тікелей әсер етіп қоғамдағы төре мен қараша, төре мен төлеңгіт, отырықшы мен көшпелі элементтер, субэтникалық топтар мен сословиелер арасындағы қалыпты қатынас бұзылды.

М. Тевкелев күнделігіндегі Бөгенбай батырдың әңгімесінде: «У них, киргис-кайсаков, прежде были города, а именно: Ташкент, Тюркестан, Сейрам с принадлежащими к оным городками и деревнями, и оными владела киргис-кайсацкие ханы и старшина. В тех городах живут сарты, то есть посацкие мужики, с которых брали они дань. А из тех городов выслали их хонтайша тому с 15 лет. А ныне оными никто не владеет и дань не забирает, живут поздно...» (37, с. 62.) – деп суреттелетін жағдай саяси-құқықтық құрылымға да қатысты.

ХVІІІ ғасырдың ортасына қарай қазақ жерінде мемлекеттік дәстүрлердің қайта күшеюі басталды. Оның барысын біз қазақтардың Жоңғария жеріндегі белсенді саясатынан, Сыр бойындағы қалаларды қайтарып өнеркәсіп пен сауданы қолға алуынан, Сыр бойына әсерін азайту үшін Қоқан хандығын ығыстыру саясатынан т.б. салмақты істерден көріп қаламыз. Қазақ халқының мемлекеттік мүддесі бұл кезеңде Абылай атымен байланысты болды.

Абылай хан қанша күш салғанымен елді өз бетімен басқарып кетуге, қазақтың басын түгел қосып алуға дәрмені жетпеді. Оның ең басты себебі Ресейдің қазақтың Кіші жүзіне енуі, Әбілқайырдың алауыздық туғызған саясаты, Ресейдің Есілді өрлеп Көкшеге жақындап қалуы. Жалпы қазақ қанша жанкешті болғанымен Евразиядағы түбегейлі өзгеріске түскен геополитикалық жағдай өзгерте алмайтын еді. Қазақ мемлекетінің дағдарысымен бірге ірі-ірі мемлекеттік институттар, әдет-ғұрыптар, қоғамдық, мемлекеттік, азаматтық түсініктер жүдеушілігі басталды. Осылайша «Ережелердің» заңдарынан мемлекетке қатысты талаптардың көпшілігі ұмытылып, тек жеке адам, немесе қауымға тікелей қатысты ережелер көбірек сақталды. «Ереже» өзі қалыпты нормалар жинағы.

Қолда бар тарихи-этнографиялық мәліметтер «Ереже» қызметіне және қазақтың әдет-ғұрып заңдарына жан-жақты, терең қарауға мүмкіндік береді. Бірнеше ғасыр бойы жинақталған тарихи деректер дәстүрлі зерттеу тәсілдерімен қатар, тың ғылыми зерттеу әдістері мен аспаптарын (инструментари) енгізу жемісті болатынына кепілдік береді. Оның біршама тәжірибесі көзіргі «Нормативті этнография» аталып жүрген ғылым саласында қалыптасып қалды. Сонымен бірге дәстүрлі құқықтық көзқарастарды, жүйелерді, құндылықтарды зерттеуге «Құқықтық антропология» тікелей араласқаны зор пайда береді. Қалай дегенмен де дәстүрлі қоғамды, оның рухани мұрасын, тек қана саяси-құқықтық мұрасын ғана емес, рухани қазынасы болып табылатын әдет-ғұрып заңдарын, соған байланысты қалыптасқан нақыл, ақыл сөздерін, шешендік өнерін, салт-дәстүрін игеруге қазіргі уақытта гуманитарлық ғылымның басты саласының бірі ретінде этнологияның араласу мүмкіндігі мол. Классикалық тарих және заң ғылымдары тек сыртқы (жазба) дерекке негізделсе, этнология ізденіс барысында халықтың (этнос) ішкі құрылымына, жабық байланыс жүйелеріне, жан сақтау және өмір сүру заңдылықтарына үңілетін зерттеу әдістеріне сүйенеді. Бұл қоғамдық ғылымдарды, соның ішінде құқықтану саласын алға алып баратын жол.

Бұл еңбегімізде «Ереже» тек құқықтық ескерткіш қана емес, сонымен қатар институт, билік жүргізу тетігі деген пікірді негізге алдық. Бұл жерде екі бағытты да бөле жармай тұтас қарастыру біздің негізгі мақсатымыз болды. Тақырып аясын кеңейту үшін мүмкіндік келгенше әдет-ғұрып заңдары мен ережелерін жас оқырмандарға көбірек таныту міндетін алдық. Болашақта

жас заңдарлар бұл жинақты толықтырып, оның құрылымына, жүйелеу ретіне өзгерістер кіргізетіні даусыз. Мемлекеттігін құрып, заңын түзеп жатқан тәуелсіз Қазақстан үшін «Ереженін» әлі де маңыздылығы жоғалған жоқ. Тек қазақ қоғамының көп жағдайда синкретті мәдениет өкілі екенін, көп құбылыстар бір-бірімен астасып жататынын ескерген жөн. Солардың ішінде «Ереже» аталып бір-бірімен ажырамастай бірігіп кеткен мемлекет және құқық құбылыстары жатыр, бұл біле білген адамға бөле – жаруға болмайтын қасиетті дүние.

Ережелердің даму эволюциясы көшпелілердің құқықтық мәдениеті тарихының кішігірім бинесін береді. Яғни, бұл көзқарас бойынша Ережелер тарихи көнекөздігі, өміршендігі тұрғысынан алсақ, қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесінің ресми қалыптарының арасында билердің билігінен кейін тұрады, ал жасампаздығы жағынан келсек, тіптен, сонымен бірге қатарласып келе жатқан құбылыстардың бірі. Т. М. Культелеев былай деп жазды: «ереже» – не только источник права второй половины XIX и начала XX вв., как нам думается, оно было источником права более раннего периода. Составление ереже практиковалось еще и при хане Тауке. Ереже насило характер «соглашения» между биями на их съезде для разрешения наиболее сложных дел. Такое «соглашение» практиковалось как в XVIII веке, так и в первой половине XIX века. Однако эти «соглашения», имевшие силу закона до второй половины XIX века, нигде не записывались, а поэтому они для нас остаются недоступными».

Ережелерге мұндай көзқарас негізсіз емес. Шын мәнінде XIX ғ. ортасында қазақ жерінде сот реформасын жүргізген орыс әкімшілігінің ереже жайлы бап кіргізуі бекерден-бекер болмаса керек. Демек, ел тарихымен және өмірімен таныс орыс шенеуніктері билер сотының осыған дейін де даулы істерді өзара келісіп, алдын ала белгілі бір ережелер жасау арқылы шешетіндігін білген болулары керек. Сөйтіп осы практиканы реформа жүргізу барысында заңдастырған деуге болады. Екіншіден, 1867–1868 жылдардағы реформадан кейін-ақ төтенше билер съездерінде ереже қабылдау үрдісінің тез бел алып, өмірге еркін кіріп кетуі – мұндай практиканың бұрын да билер сотына бөтен емес, солардың қызмет істеу мәнеріне және тәсіліне жақын екендігін көрсетеді. Үшіншіден, Ресей аумағына тыс, монғол жеріне өтіп кеткен қазақтардың да билер спрактикасында ереже қабылдау тәжірибесінің болуы бұл жорамалды қуаттай түседі.

Өкінішке орай, XIX ғ. дейінгі ережелер нұсқасы табылмады. Олар жайлы дерек жоқтың қасы және үзік-үзік. Сондықтан да зерттеушілердің екінші тобы (Зиманов С. З., Сартаев С. С., Созақбаев С., Андабеков Ш.) негізінен, XIX ғ. ортасынан пайда болған ережелерді танып-білуге баса назар аударып, оған дейінгі ережелер жайлы болжам-пікір айтудан іркілуде. Ал, XIX ғасырдағы ережелер, қазақ халқының Ресей бодандығына кіріп,

өзінің саяси-мемлекеттік тәуелсіздігінен айырылып, қазақ жерінің Ресей империясының отары болған дәуірінің туындысы, жемісі және көрінісі. Сондықтан бұл ережелердің мазмұны, мәні, түр-сипаты қарама-қайшылыққа толы.

Соңғы зерттеулер нәтижесінде ережелердің 30-дан астам нұсқасы табылды. Олар көлемі, мазмұны, құрылымы, қамтитын нормалар саласы жағынан алғанда әр түрлі болып келеді.

Ережелердің ең көлемдісі 100-ден аса немесе соған жете баптан тұрса (Тоқмақ ережесі, Шар ережесі), ықшамдары 5, 7, 10 баптан (Бахтышұбарағаш, Құрбан-қайық ережелері) тұрды.

Көлемді Ережелер көшпелілер қоғамына сай, билер сотымен шешілуге тиісті барлық дау түрлерін (жер, мал-мүлік, жесір, құн, барымта, т.с.) қамтуға тырысты. Ал, кішігірім ережелер бірді-екілі аса маңызды деп табылған сұраққа ғана тоқталды (салауат, мал ұрлығы, т.с.). Ережелердің күші, қызмет істеу мерзімі, негізінен, соны қабылдаған билер съездерінің шақырылу және тарқау уақытымен шектелетін. Бірақ, оны үлгілік (прецеденттік) мәні көпке дейін сақталды.

Академик С. З. Зимановтың айтуынша ережелер – қазақ әдет-ғұрыпы құқығы нормаларының кіші жинақтары. «Одним из важных источников казахского обычного права являются «ереже» – малые кодексы обычно-правовых норм» – дейді ол. Бұл анықтама көшпелілердің құқықтық өмірінде ережелердің алатын жалпы орнын ғана белгілеп қоймай, сонымен бірге оладың құқықтық нормалардың ресми нысаны есебіндегі мән-мазмұнын ашатын тұжырым. Яғни, егер жора мен жарғы әдет-ғұрып құқығы нормаларының кең (үлкен) жинақтары болса, ереже – құқықтық нормалардың кіші жинақтары еді.

Жол, жарғы бүкіл қазақ қоғамы ауқымында, ең жоғарғы құқықтық күшке ие деңгейде және ұзақ мерзімге қызмет істеуге арналған жинақтар болатын. Ережелер болыс аралық, ояз аралық, онан қалды обылыс аралық көлемде қызмет етті. Оның үстіне олар қысқа мерзімді уақыт аралығындағы (күн, апта, жыл, ай) күшке ие еді. Ережелердің тағы бір ерекшелігі – олар көшпелілердің құқықтық мәдениеті ауқамында қызмет еткенмен, орыс заңдарының талап-тілегін барынша ескеріп отыруға міндетті еді, оларға қарама-қайшы келе алмайтын, сондықтан кей тұстары солардың қазақ даласындағы «жалғасы» іспеттес көрінетін.

Ережелердің даму эволюциясы көшпелілердің құқықтық мәдениеті тарихының кішігірім бинесін береді. Яғни, бұл көзқарас бойынша Ережелер тарихи көнекөздігі, өміршендігі тұрғысынан алсақ, қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесінің ресми қалыптарының арасында билердің билігінен кейін тұрады, ал жасампаздығы жағынан келсек, тіптен, сонымен бірге қатарласып келе жатқан құбылыстардың бірі. Ел тарихымен және өмірімен таныс орыс

шенеуніктері билер сотының осыған дейін де даулы істерді өзара келісіп, алдын ала белгілі бір ережелер жасау арқылы шешетіндігін білген болулары керек. Сөйтіп осы практиканы реформа жүргізу барысында заңдастырған деуге болады. Екіншіден, 1867–1868 жылдардағы реформадан кейін-ақ төтенше билер съездерінде ереже қабылдау үрдісінің тез бел алып, өмірге еркін кіріп кетуі – мұндай практиканың бұрын да билер сотына бөтен емес, солардың қызмет істеу мәнеріне және тәсіліне жақын екендігін көрсетеді. Ережелер жинағы қазақ қоғамындағы жер-су, көші-қон, отбасы және неке қатынастары, қылмыс және құн дауы, ұрлық пен тонаушылық мәселелері тәртіптелген болатын.

Ережелер жөнінде толық мағлұматты, оның толық та анық түпнұсқасын табу әзірге мүмкін болмай келеді. Оның өзіндік себептері де жоқ емес. Ең алдымен, ғалымдар қауымы кезінде бұл іске мүдделі болған жоқ. Шын мәнісінде сонау бір ерте заманда қазақтың сайын даласын мекендеген халықта «әдет-ғұрып құқығының жинағы» болғандығын дәлелдеудің өзі ешкімге де тиімді емес еді.

Оның үстіне көшпелі халықтың өзіндік ерекшеліктеріне орай «Ереже» тасқа басылған, кітапқа түскен, әуелде қай тұрғыда болса да, қағаз бетіне түсіріліп, белгілі орындар мен тиісті адамдар қабылдап алған, соған орай хатталып, куәландырылған нұсқасы болмағанға ұқсайды. «Ереже» да баяғы сол халықтың ауыз әдебиетіне тән тәртіп-үлгімен бір жерде екселіп, бір ізге салынып, дүниеге келген соң сол тұстағы ел-елдің бетке ұстар игі жақсыларының, сол елдерді аузына қаратып, «айдап өргізіп, үйіріп жатқызып» жүрген хан-билерінің дуалы ауыздары арқылы кеңінен тарап, бірден бірге таратылуы арқылы ел аузында жатталып қалғандығын байқауға болады

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Абылай хан. Тарихи жылдар / Құраст. С. Дәуіт. – Алма-Ата, 1993.
- 2 **Абишев, Х. А.** Передовая русская интеллигенция Западной Сибири об обычно-правовой системе казахов // Проблемы казахского обычного права. – Алма-Ата, 1998.
- 3 **Артықбаев, Ж. О.** Казахское общество: истоки и история. – Астана, 2002.
- 4 **Ахметова, Н. С.** Обычное право казахов в XIII-первой половине XIX века. – Қарағанды, 1995.
- 5 **Ахметова, Н. С.** Институт «кун» в обычном праве казахов и его отмена советской властью. – Алматы, 1993.
- 6 **Зиманов, С., Өсеров, Н.** «Жеті жарғы» жайлы // Проблемы казахского обычного права. – Алма-Ата, 1989.

7 **Зиманов, С.** Состояние и задачи разработки обычного права казахов // Проблемы казахского обычного права. – Алма-Ата, 1989.

8 **Кенжалиев, З. Ж.** Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет (теориялық мәселелері, тарихи тағлымы). – Алматы, 1997.

9 Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары. // Құраст. З. Ж. Кенжалиев, С. О. Дәулетова, Ш. А. Андабеков, М. К. Әділбаев, Е. Л. Тогжанов. – Алматы, 1996.

10 Материалы по казахскому обычному праву. // Сост. Т. М. Культелеев, М. Г. Масевич, Г. Б. Шакаев. – Алма-Ата, 1948.

Материал 02.10.15 баспаға түсті.

Н. А. Қадралиева, А. Я. Мусаева, Е. А. Кадралиев

Формирование составления правил в традиционном казахском обществе
ТарГУ, имени М. Х. Дулати, г. Тараз
Материал поступил в редакцию 02.10.15.

N. A. Kadraliyeva, A. Ya. Musaeva, E. A. Kadraliyev

Legislating in a traditional Kazakh society
M. Kh. Dulaty Taraz State University, Taraz.
Material received on 02.10.15.

В данной статье рассматривается место «ереже» в традиционном государстве и правовой культуре казахского народа. И на сегодняшний день обычай должен иметь место в законе, поскольку издревле не было законов, а действовали обычаи.

Учитывая устные и письменные данные, относящиеся к документу, «Ереже» сочетает в себе набор основных принципов международного права, а также существование государства и общества является не только примером управления, но и национальным ярким зеркалом знаний.

This article discusses the place of «Erezhe» in the traditional state and legal culture of the Kazakh people. And today the custom takes place in the law, since ancient times there were no laws, but acted customs.

Given oral and written data related to the document, “Erezhe” combines a set of basic principles of international law, as well as the existence of the state and society is not only an example of government, but also a bright mirror of national knowledge.



ӘОЖ 325.(46)

Д. П. Құрманбаева, Н. А. Қадралиева, С. М. Муслимова

М. Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университеті, Тараз қ.


АССАМБЛЕЯ – ТАТУЛЫҚ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Қазақстан халқы Ассамблеясы – ол әрі іргетас, әрі бейбітшілік, рухани келісім мәдениетінің негізгі қағидаты. Ассамблея – мемлекеттік органдардың халықпен жемісті ұнқатысуын, барлық этностар өмірлерінің өзекті мәселелерінің шешілуін қамтамасыз етуші ұйым. «Дамудың сыры – бірлікте, Табыстың сыры – тірлікте».

Кілтті сөздер: ассамблея, татулық, келісім, достық, ұлт, тарих, қоғам.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – ол әрі іргетас, әрі бейбітшілік, рухани келісім мәдениетінің негізгі қағидаты. Ассамблея – мемлекеттік органдардың халықпен жемісті ұнқатысуын, барлық этностар өмірлерінің өзекті мәселелерінің шешілуін қамтамасыз етуші ұйым. «Дамудың сыры – бірлікте, Табыстың сыры – тірлікте». Мұратқа жолын тапқан жетеді. Еңбегіміздің жанбағы біздің ортақ үйімізді бейбітшіліктің бесігі етіп, барды бағалай білуімізге байланысты. Қазақты қасиетті қара шаңыраққа баласақ, еліміздегі барша этностар – сол шаңыраққа шаншылған уықтар.

Ортақ ордамыз – Қазақстанның босағасын берік, шаңырағын биік ұстап, түтінін түзу ұшыру – елдік мақсат. Сонда ғана «Қазақстан-2050» Стратегиясында айтылған үздік 30 елдің қатарынан табылады. Біздің Отанымыз – ортақ, тілегіміз – бір, мақсатымыз – жалғыз. Ол – жері гүлденген, елі түрленген, дамуы жедел, ұрпағы кемел Мәңгілік Қазақстан! – деп атап кетті өз сөзінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Қазақстан халқы ассамблеясы қазақстан республикасы президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы жарлығымен мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы тәуелсіздіктің бір жылдығына арналған қазақстан халқының бірінші форумында жариялады. Мұндай институтты құру қажеттілігі саяси тұрғыдан, сондай-ақ жаңадан құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан туындаған еді. Бұл бастама мәдениетаралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылды. Жиырма жылдық тарихында ассамблея қарқынды дамып,



елеулі өзгерістерді бастан кешірді. Оның дамуы барысында Н. Назарбаевтың этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптасты. Осы жылдар ішінде қазақстан халқы ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол – халық дипломатиясының маңызды күрөтамырына айналды. Бүгінде ассамблея ел президенті төрағалық ететін конституциялық орган болып табылады. Бұл – оның ерекше мәртебесін айқындайды.

Кез келген мемлекет үшін қоғамдық келісімнің маңыздылығы ерекше. Халық үшін бейбіт заманда мамыражай өмір сүруден артық ешқандай бақыт жоқ. Сондықтан елімізде татулық пен тұрақтылыққа Тәуелсіздік алған жылдан бастап ерекше мән беріліп келеді. Қазақстанда өмір сүріп жатқан этнос өкілдерінің мүддесі Елбасымыздың тікелей қадағалауында. Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын да алғаш рет Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев 1992 жылдың желтоқсанында өткізілген Қазақстан халқының бірінші форумында айтқан болатын. Тарих қойнауында алтын әріптермен таңбаланған аталмыш форум жұмысында Мемлекет басшысы баяндама жасап, Қазақстан дамыған елдер қатарына қосылу үшін, ел тұрғындары бай, әл-ауқаты жоғары өмір сүру деңгейіне жету үшін халықтың ынтымағы, бірлігі мен татулығының негізгі рөл атқаратынын ерекше атады. Осыған орай, 1995 жылғы наурыз айында Қазақстан Республикасының Президенті жанынан консультативтік-кеңестік орган ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды.

Қазіргі таңда Ассамблея этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы маңызды құралға айналып, елімізде тұрмыс кешіп отырған барлық этностардың өзара тең құқықты қатынасын қамтамасыз етуші рөлге ие бірден-бір ұйым. Жиырма жылдық тарихында аталған құрылым қоғамдағы тұрақтылықты сақтаушы құралға айналғанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Үстіміздегі жылы елімізде Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық тойы республикалық деңгейде мерекеленеді. Ұлт көшбасшысы Н. Ә. Назарбаев «Нұрлы жол болашаққа бастар жол» атты халыққа арнаған Жолдауында «Ассамблея құрылуының 20 жылдығын атап өту арқылы біз қазақстандықтардың рухани күш қуатын арттыруымыз және толеранттылығын еселеуіміз керек. Сондықтан да, біз Қазақстан халқын ең үздік және мәңгілік құндылықтар – ел игілігі жолында ынтымақпен бірге, еңбекқорлықты және мақсаткерлікті арттыруға шақырамыз. Этносаралық келісім – ол өміршеңдік оттегісі» деп ерекше атап өтті. Ассамблеяның негізгі бағыты барлық этностық топтарды ортақ мақсатқа жұмылдыру болып табылатындығын атап өткен Елбасы Ассамблеяның өміршеңдігінің ең басты ерекшелігі – ол этностық топтардың қызметін бақылаумен айналысатын қарапайым ұйымға ғана емес, сонымен қатар еліміздегі барлық ұлт пен

ұлыстың мүдделерін бір арнаға тоғыстырушы, барлық азаматтардың этностық, діни ерекшеліктеріне қарамастан құқығы мен бостандығын сақтаушы толыққанды саяси институтқа айналғандығын айтты.

Мемлекет басшысы көп ұлтты Қазақстанда 140-тан астам ұлттар мен ұлыстардың тату-тәтті өмір сүріп жатқандығын Қазақстан халқы Ассамблеясының әрбір сессиясында атап өтеді. Өткен жылғы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXI сессиясында да Қазақстан Мәңгілік Ел атану үшін мемлекетте бейбітшілік пен келісім бекем болуын басты назарға ұсынды. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бейбітшілік, руханият және келісім мәдениеті» деп аталған сессияда рухани келісімнің айрықша жеті жоғары мәдени қағидатын айтып өтті. Онда діни тұрақтылық, ортақ жауапкершілік, мемлекеттік тілді өзге ұлттардың меңгеруі, конфессияаралық толеранттылық пен ішкі тұтастық, барлық ұлттың өмір сүру сапасын арттыру, әр ұлт пен ұлыстың мәдениеті мен өнерін дамыту және этномәдени бірлестіктердің жұмысына серпін беру қағидаттарына кеңінен тоқталды. Ассамблея халық егемендігін шоғырландырушы саясатүстілік органға айналды. Ассамблеяның депутаттық тобының құрамына бүкіл парламенттік партияның өкілдері болып табылатын 25 мәжілісменнің кіруі үлгі тұтарлық жағдай. Ассамблея мемлекеттік органдардың халықпен жемісті ұнқатысуын, барлық этностар өмірлерінің өзекті мәселелерінің шешілуін қамтамасыз етеді. Тек өткен жылы ғана Ассамблея 10 мың іс-шара ұйымдастырып, оларға 3,5 миллионнан астам адам қатысты. Көптеген өңірлерде Достық үйлері құрылып, жұмыс істеуде. Ассамблеяны 2020 жылға дейін дамыту Тұжырымдамасы жүзеге асырылуда. Жүргізілген сауалнама нәтижесінде қазақстандықтардың 97,5 пайызы Ассамблея біздің бүкіл халықтық мүдделерімізді бейнелейді деп айтқан. Бұл жақсы мойындау. Қазақстандық бейбітшілік руханият пен келісім мәдениетінің 7 арқаулық қағидаттары осындай. Бұл енді біздер өз ұрпақтарымызға ұлт байлығы ретінде беретін ортақ мәдени мұрамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ, Елбасы бейбітшілік пен келісімді нығайту – 2050 Стратегиясын жүзеге асырудың басты критерийі екендігін тілге тиек етіп, бес мызғымас шындықты атап өтті. Әлемдік саяси ахуалды сарапқа салып, этносаралық тұрақтылықты сақтап қалудың жолдарын көрсетті. – Ассамблеяның бай халықаралық байланыстары бар. Мен барлығыңызды G-GLOBAL идеясын ілгерілету үшін өздеріңіздің халықаралық байланыстарыңызды пайдалануға шақырамын. Сондай-ақ, Ассамблеяда еліміздегі Астанада өтетін ЭКСПО-2017 Бүкіләлемдік көрмесі мен Алматыда өтетін Универсиада-2017 сияқты аса ірі халықаралық шараларға дайындыққа қатысу бойынша өзінің нақты іс-қимыл жоспары болуы тиіс. Осы шараларда біз әлемге мәдениетімізді, еліміз халқының полиэтностық толеранттылығын, бейбітшілік пен келісім жағдайындағы табыстарымызды

көрсетуге тиіспіз, – деп Ұлт Көшбасшысы барлық қазақстандықтарды бірлікте жұмыс жасауға шақырды.

Ассамблея дүниеге келген 20 жылдан бері атқарған қызметі мен жүріп өткен сара жолы қазақстандық этносаралық және конфессияаралық келісім үлгісінің әлемдік қауымдастық алдында беделді ұйымға айналып, ел қоғамының құрамдас бөлігіне айналғанын көрсетті. Қазіргі таңда бүкіл әлемді шарпыған ғаламдық дағдарыс Қазақстанға да өз салқынын тигізіп отыр. Мемлекетте қоғамдық-саяси тұрақтылық болмай, экономикалық салада жетістік болмайды деген қағиданы тарих әлдеқашан дәлелдеген. Сондықтан Қазақстан халқының бірлігін бұдан әрі жетілдіру міндеті мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналып отыр. Қазақстанның экономикалық дамуы, этносаралық қатынастардың әлемдік қауымдастық тарапынан мойындалуы, ең алдымен, қазақ ұлтының еншісінде екендігі анық. Халық бірлігі – мемлекеттілік негізі. Қоғамдық бірлікті ту етіп ұстау арқылы ғана біз алдымызға болашағы күшті, өркендеп, дамыған Қазақстан елі туралы ұлы мақсаттар қоя аламыз. Ел өміріндегі мәні мен маңызы орасан зор осынау саяси оқиға қарсаңында біз көп ұлтты Қазақстан халқын бір атаның балаларындай еліміздің өркениетті дамуы жолындағы игілікті іске жұмылдырып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстырып, елімізде тұрақтылықты сақтау мен оның дамуына аса зор үлес қосып келеді. Ең бастысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі нәтижесінде елімізде этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың Конституциялық һәм азаматтық құқықтары мен еркіндігін толық қолдана алатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Сөйтіп, Қазақстанның көп-этностық кеңістігінде сенім, келісім мен өзара түсіністік берік орнады. Қазақстан халқы Ассамблеясының алдына қойған басты мақсаты және түбегейлі міндеті – этносаралық қатынас саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету. Осы мақсатта халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негізін қалаушы құндылықтар бойынша қоғамдық келісімді қолдап, дамыту, қоғамдағы экстремизм мен радикализмнің көріністеріне тойтарыс бере отырып, азаматтардың құқықтық бостандықтарына қысым жасауға жол бермеу, азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру да осы ұйымның төл парызы. Ынтымақ ұйытқысына айналған ұйым бұл мақсаттарды жоғары деңгейде орындап келеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан ғылыми-сарапшылық кеңес, журналистер мен сарапшылар клубы құрылған. Барлық аймақтарда Достық үйлері бар. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Астанада «Бейбітшілік және Келісім сарайы» салынды. Мұнда жыл сайын Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиялары, әлемдік дәстүрлі

діндер съездері, өзге де маңызды іс-шаралар өтеді. Ассамблеяның тағы бір ерекшелігі, этностық топ өкілдерінің мүдделерін жоғары заң шығару органы – ел Парламентінде білдіру болып табылады. Осыған орай 2007 жылы еліміз Конституциясына енгізілген өзгерістерге сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 9 депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлауға құқылы. Ассамблея сайлаған Мәжілістің тоғыз депутаты, елдегі барлық этностардың мүддесін білдіреді. Ассамблеядан сайланған депутаттар заң шығарушылық процесіне белсенді қатысып, заң шығарушылық, бастамашылық құқығын жиі пайдалануда. Еліміз тарихынан ойып тұрып айрықша орын алатын оқиғаның бірі Ұлт Көшбасшысы, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тәуелсіз еліміз дамуының ұзақмерзімдік «Қазақстан – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» деп аталатын маңызы орасан зор құжатты халық назарына ұсынып, алда атқарылатын ауқымды да асқаралы міндеттерді белгілеуі болды. Міне, сондықтан да Қазақстан халқы Ассамблеясы осы құжаттың мәдениет, бейбітшілік, руханият және келісім мәселелерін талқылауға арналуы тегіннен-тегін емес. Себебі, Елбасы айтқандай, Тәуелсіз Қазақ елінде бәрі бар. Тек қана көпұлтты ұлттар мен ұлыстардың арасында өзара түсіністік, тату-тәтті береке-бірлік пен ынтымақ және рухани құндылықтарға деген адалдық ауадай қажет. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, Қазақстан халқы Ассамблеясы бүгінде көпұлтты қазақстандықтардың береке-бірлігі мен ынтымағын жарастырған татулық темірқазығына айналып отыр. Туған елі – Қазақстанды әлемдегі өркендетті елдер қатарына қосуды жоспарлаған Елбасының басты арман-мұраты да міне, осы!

Қазақ халқы қашанда бірлік пен татулық мәселесіне ерекше мән беріп, оны тірліктің тұтқасы, өмірдің өзегі ретінде бағзы заманнан бағалап келген. «Бірлік бар жерде – тірлік бар», «Береке басы – бірлікте», «Ырыс алды – ынтымақ» деген сияқты көптеген мақал-мәтелдер соның айғағы. Болашақтың бірліксіз болмайтынын болжай білген бабаларымыз бала тәрбиесінде де осы қағиданы басты бағыт етіп ұстаған. Ол атадан балаға мұра болып, әлі де жалғасын тауып келеді. Бірлік пен татулық тәлімінің қазіргі көпұлтты Қазақстан жағдайында маңызы ерекше. Мемлекет құраушы, елдің, жердің иесі ретінде қазақ халқы өзге ұлттар мен ұлыстарға оның асқан үлгісін көрсетіп келеді десек артық емес. Тарихымызға үнілсек, оған анық көз жеткізе аламыз. Қиын-қыстау кезеңге тап болған өзге ұлт өкілдеріне қашанда қамқор болып, ағалық мейірімін аямаған. Алаш елі тағдырдың жазуымен жер аударылып келген түрлі ұлыстарға төрінен орын беріп, бір үзім нанын бөліскені белгілі. Сол үшін көптеген ұлыстардың өткен және бүгінгі буыны қазақ халқына шексіз риза. Қазақ жерінде қазір 140-тан аса ұлт пен ұлыс өкілдері өмір сүріп жатыр. Оларға Қазақстан азаматтары ретінде тең құқық берілген. Олар білім алу, емделу, жоғары лауазымды қызмет атқару

мүмкіндіктеріне ие. Елімізде мекен еткен ұлт пен ұлыстарға өз мәдениетін дамытып, салт-дәстүрлерін сақтауға лайықты жағдайлар жасалған. Олардың әрқайсысының ұлттық мәдени орталықтары тұрақты жұмыс істейді. Мәдени орталықтар әр халық өкілдерінің өз ұлттық дәстүрлерін сақтауға зор ықпал жасап келеді. Сонымен бірге, көпұлтты Қазақстанның мәдени жағынан әртарапта дамуына үлес қосып келеді.

Ғасырлар тоғысында еркіндікті аңсаған ата-баба арманы жүзеге асып – егемендікке ие болдық. Қазақ жерінде арайлап атқан елдіктің ақ таңы, ең алдымен, осынау дархан даланы ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, алғыр ақылмен, берік тақыммен қорғап, сақтап қалған ата-бабаларымыздың ұлы күрестерінің заңды да нақты нәтижесі. Қазақ елі қазіргі таңда қабырғасы қатайған, пікіріне халықаралық қауымдастық өкілдері құлақ асатын беделді елге айналды.

20 жылдық тарихы бар ұйым елдің саяси жүйесінің маңызды бір бөлігіне айналып, ол Қазақстанды мекендейтін барлық ұлттар мен этностардың мүдделерін, құқықтарын бір арнаға түйістірді. Әрбір ұлттың тегіне, дініне, көзқарасына қарамастан, барлық азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің бұлжытпай сақталуын қамтамасыз етті. Түптеп келгенде, Ассамблея еліміздегі халықтардың тұрмыстық деңгейдегі ұлтшылдықтың пайда болуына жол бермейтін, бір-біріне төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеуді дәріптейтін ең маңызды ұйымның бірі болып саналады. Осының нәтижесінде әрбір қазақстандық кең ауқымды ойланып, достық пен өзара түсіністікті бағалауға жетелеу жолында жемісті еңбек етуде. Осыған байланысты бұл ұйым мемлекетімізді мекендейтін этнос өкілдерін бірлікке шақырып, елдегі демократияның қалыптасуына да тікелей атсалысуда. Ел Президентінің бастамасы бойынша құрылған мемлекеттік, ұлттық саясатты дамыту мен жетілдірудің ерекше маңызды құралы болып саналатын Қазақстан халқы Ассамблеясы бүгінде елді біріктіруде, этностар мен ұлттар арасындағы бейбітшілік пен келісімді, татулықты нығайтуда аса маңызды қызмет атқарады.

Біздің елдегі бірлік пен қоғамдық келісімнің бастауы – Қазақстан халқының ортақ тарихы. Ғасырлар бойы тағдыр талайына ұшыраған халықтарды құшағына сыйдыра білген қасиетті Ұлы Дала көптеген ұлыс пен ұлттың құтты қонысына айнала білді. «Бақ та, тақ та таласқанға бұйырмайды, халықтық істе жарасқанға бұйырады», деген дана бабаларымыз. Сондықтан да атқаратын игілікті істеріміз халқымыздың болашағын бірлігіміз бен берік етсін.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Ассамблея народа Казахстана : исторический очерк / Тугжанов Е. Л., Кан Г. В., Коробков В. С., Шаяхметов Н. У. – Алматы : Раритет, 2010. – 304 б.

2 «Біз тұратын үй» – «Дом, в котором мы живём». – Павлодар : Типография Сытина, 2011.

Материал 02.10.15 баспаға түсті.

Д. П. Курманбаева, Н. А. Кадралиева, С. М. Муслимова

Ассамблея – фундамент дружбы и согласия

Таразский государственный университет имени М. Х. Дулати, г. Тараз
Материал поступил в редакцию 02.10.15.

D. P. Kurmanbayeva, N. A. Kadraliyeva, A. Ya. Musaeva

The Assembly – the foundation of friendship and harmony

M. Kh. Dulaty Taraz State University, Taraz.
Material received on 02.10.15.

Ассамблея народа Казахстана – это главный и прочный фундамент мира, согласия и дружбы всех этносов, живущих на благословенной земле нашей Родины. Она сыграла важнейшую роль в истории становления и укреплении Независимости, всенародном принятии Конституции Республики Казахстан, проведении глубоких реформ экономики, масштабных преобразований социальных и политических основ нашего общества.

The Assembly of People of Kazakhstan – is the main and solid foundation of peace, harmony and friendship among all ethnic groups, living in the blessed land of our country. It has played a major role in the history of the formation and strengthening of Independency, nationwide adoption of the Constitution of the Republic of Kazakhstan, carrying out deep reforms of the economy, large-scale transformations of social and political foundations of our society.

УДК 32 (574.52)

П. И. Мамедова

к. филос. н., доцент кафедры Философии и политологии, Таразский государственный университет имени Дулати, г. Тараз

ВОСПИТАНИЕ КУЛЬТУРЫ ТОЛЕРАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ В ПОЛИЭТНИЧНОЙ СРЕДЕ В ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

В данной статье автор пытается раскрыть смысл и значение термина «толерантность», анализируя особенности его применения в различных странах и сопоставляя с казахстанской моделью

межэтнической толерантности. Также представлены некоторые фрагменты эмпирического исследования межэтнической ситуации в поликультурной среде Жамбылской области. Изучены и представлены вниманию методы превентивных технологий недопущения конфликтов на этнической почве, что является актуальным глобальным трендом для политической науки в целом

Ключевые слова: толерантность, культура мира, полиэтничность, медиация, конфликтология.

Существенная часть пройденного Казахстаном пути – это уникальная история культурного и этнического взаимодействия населяющих его народов, проникающего по существу во все сферы бытия – язык, поведенческие стереотипы, образ жизни и мышления, менталитет.

В нашей Республике, в которой, по данным последней переписи, проживают более 130 национальностей, на протяжении многих лет складывалась собственная модель межнационального поведения, основа которой – толерантность. Проблема изучения этнической толерантности в исследованиях ученых Казахстана и России имеет многоплановый характер. Она стала предметом изучения этнопсихологии, социологии, философии, истории. Смысл толерантности в словаре иностранных слов раскрывается как терпимость, снисходительность к кому-либо. Когда возникло это понятие, сказать очень сложно, скорее, даже затруднительно. Возможно, это было так давно, что у современного человека чувство уважения заложено на генном уровне. Доказательством тому может служить жизнь древних людей, которые мясо убитого животного делили поровну на всех или же хоронили человека со всеми необходимыми ему в загробной жизни вещами, думая не только о себе, но и соплеменнике, о взаимоуважении и терпимости друг к другу. Ведь на той же охоте не все забивали мамонта, но добытой едой делились со всеми, а для умершего человека могли бы не делать новые сосуды и украшения или орудия труда, которые пригодятся его сородичам в повседневной жизни. Также не следует исключать и то мнение, по которому толерантность – современное веяние, диктуемое обществом. Примером, доказывающим эту точку зрения, могут быть террористические акты, преследующие сегодняшнюю планету чередой разрушающих войн между людьми разных национальностей, к сожалению, не уважающих друг друга народности и их этнические ценности.

Согласно стратегическому плану развития Казахстана к 2020 году достижение намеченных экономических и социальных показателей требуют единства и сплоченности казахстанского общества. Главным инструментом процесса консолидации казахстанского общества станет Доктрина национального единства Казахстана. Проблема формирования

межэтнического диалога в современном казахстанском кризисном обществе важна потому, что непосредственно связана с развитием стабилизационных и интегративных процессов, являющихся условием его существования и развития. Сплочение различных групп и слоев населения, гармоничное сочетание социально-экономических, политических, этнических, религиозных и иных, порой противоречивых интересов, достижение консенсуса через сотрудничество и тесное взаимодействие – актуальные проблемы современных многонациональных обществ. Их решение определяет изучение и дальнейшую разработку основ и принципов межэтнического диалога как условия партнерства в различных социальных сферах [1].

В каждой многонациональной стране национальная политика имеет свои особенности. Вместе с тем, существуют проверенные историческим опытом пути и методы решения национального вопроса, оптимизации национальных отношений. В системе национальных отношений ключевыми, решающими, являются политические аспекты. Непосредственно к сфере политики относятся такие вопросы национальных отношений, как национальное самоопределение, сочетание национальных и интернациональных интересов, равноправие наций, создание условий для свободного развития национальных языков и национальных культур, представительство национальных кадров в структуре власти и некоторые другие вопросы. Вместе с тем, на формирование национальной идеи, политических установок, политического поведения, политической культуры заметное воздействие оказывают исторически складывающиеся традиции, социальные чувства и настроения, географические и культурно-бытовые условия обитания наций, народностей. По существу все вопросы межнациональных отношений приобретают политическое значение и могут быть решены на политическом уровне.

Национальный вопрос — проблема не столько этническая, сколько социально-политическая. Национальный вопрос всегда имеет конкретно-историческое и социальное содержание, включающее совокупность национальных проблем на определенном этапе развития данной страны. На конкретном содержании национального вопроса отражаются особенности исторического развития страны и ее народов, специфика их социально-экономического и политического устройства, социально-классовой структуры, национального состава населения, исторических и национальных традиций и другие факторы. Причем с решением одних проблем возникают другие, подчас более сложные, обусловленные возрастом уровня развития самих наций [2].

Сегодня очень важно и необходимо найти ключи к межнациональному, межкультурному и межрелигиозному согласию и взаимопониманию.

За годы независимости в нашей стране была реализована собственная уникальная модель, обеспечивающая гармоничные межэтнические

отношения в полиэтничном и поликонфессиональном обществе посредством сохранения самобытности народов и их единения. Внутривнутриполитическая ситуация в Казахстане демонстрирует уникальный образец стабильности, межконфессионального согласия, развития демократии и общественных институтов в интересах граждан страны. Вопросы воспитания молодежи в духе толерантности и уважения к традициям и языкам других народов, населяющих нашу Независимую Родину является одними из самых приоритетных. В связи с этим хотелось бы особенно подчеркнуть значимость обновления методов воспитания с применением новых возможностей и технологий, которые бы отвечали ожиданиям и надеждам самой молодежи и не приводили к конфронтации поколений. В нашей области есть свой пример реализации данной задачи.

Так, мы в составе научно-экспертной группы под руководством Ректора ТарГУ им. М. Х. Дулати, являющегося также Председателем научно-экспертной группы при Ассамблее народа Казахстана Жамбылской области в текущем году провели ряд семинаров со студенческой молодежью города и трех районов (Сарысусский, Таласский, Шуйский). Общее количество тренинговых занятий превысило к 2-м десяткам. Возрастной состав участников семинаров – от 14 до 25 лет.

В целом по Жамбылской области межэтнические отношения молодежь оценивает как положительные. Согласно диаграмме 78,1 % молодежи выбрали вариант Отношения хорошие, люди не обращают внимания на национальность друг друга. 13,72 % ответили, что предпочитают общаться с представителями своей этнической группы. (см. рис.1)



Рисунок 1

В разрезе районов показателен факт преимущественно внутриэтнического общения в районах с компактным проживанием этносов. Так, в Байзакомском (22 %), в Жамбылском (28%), в Шуском и Кордайском районах по 20,83 %, 19, 15 % соответственно показывают вариант, что отношения в целом спокойные, но общаются преимущественно внутри своей этнической группы. Незначительная часть молодежи Таласского (12,9%) и Сарысуского (10,71%) районов указывает на наличие конфликтов на национальной почве. Объясняется данный факт скорее социально-экономическими причинами: нетрудоустроенностью, проблемами вокруг земельных угодий и т.д. в районах со сравнительно низким уровнем экономических показателей. Нужно принять во внимание, что опросы велись преимущественно среди представителей курдского, азербайджанского казахского этноса.

